Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 34 (1297)

04.09.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

БІЛІМ КҮНІ

ЕКІ ЖАҢА, ЕКІ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІНДЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЕКІ ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ 2 МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН КЕЙІН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ. ОСЫ КҮНІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ЖАҢА БІЛІМ МЕКЕМЕСІНІҢ БІРІ - ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ РУДНИЧНЫЙ АУЫЛЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫНА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚАТЫСТЫ. АТАП ӨТСЕК, ОСЫДАН БІР ЖЫЛ БҰРЫН ӨҢІР БАСШЫСЫ МЕН БАС ПРОКУРОР БЕРІК АСЫЛОВ БҰЛ МЕКТЕПТІҢ ІРГЕТАСЫНА «УАҚЫТ КАПСУЛАСЫН» САЛҒАН БОЛАТЫН. БҰЛ ҒИМАРАТ БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕН БОЙ КӨТЕРДІ.

Өз сөзінде өңір басшысы ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, адами капиталды дамыту мен білім саласын қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы екенін атап өтті:

- Президенттің кітап оқитын, сапалы ұлт қалыптастыру бастамасы ең алдымен білім мен ғылымға ұмтылған, қоғамдық мәдениеті жоғары, зерделі ұрпақ тәрбиелеуден басталады. Осы орайда жастардың сапалы білім алуына қолайлы орта қалыптастыру үшін мектептерді жаңғырту кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, облыс құрылғаннан бері 24 білім беру нысаны жаңадан бой көтеріп, 27 нысан күрделі жөндеуден өтті. Біз бұл бағыттағы жұмысты ары қарай да жалғастырамыз, - деді Бейбіт Исабаев.

Мұнан соң облыс прокуроры Бауыржан Жұмақанов сөз сөйлеп:

- Мемлекет басшысы қайтарылған активтерді ел игілігіне пайдалану жөнінде нақты міндеттер жүктеді. Осы тапсырманы орындау бағытындағы жұмыстар Бас прокуратураның бақылауында жүзеге асырылуда. Бүгінде сол жұмыстардың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Осындай әлеуметтік маңызы зор нысандардың бой көтеруі – ел игілігіне бағытталған жұмыстардың жемісі. Бұл – балаларымыздың сапалы білім алуына жасалған үлкен мүмкіндік, - деді ол.

Мектептің сиволдық кілтін табыстау рәсімінен кейін мектептің ашылу лентасы қиылып, жиналған қонақтар жаңа ғимараттың ішін аралап көрді.

Мектеп директоры Әсел Жақсыбаеваның айтуынша, білім мекемесі 200 орынды, оған қоса 30 тәрбиеленушіге арналған шағын орталығы бар. Мұнда асхана, акт залы, физика, химия, биология, цифрлық форматтағы мультимедиялық кабинет, шеберханалар қарастырылған. Биылғы оқу жылында 145 оқушы оқиды, 38 педагог жұмыс істейді.

Жаңа мектепте еңбек ететін мұғалімдер арасында биыл жұмысқа тұрған жас маман да бар.

- Мен Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетті бітіріп келдім. Алғашқы жұмыс орнымды жаңа мектепте бастап жатқаныма қуаныштымын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін, 7 сынып жетекшісімін. Оқушылардың зейінін ашуға, терең білім беруге, мектепке еңбегімді сіңіруге бар күш-жігерімді жұмсаймын, - деді жас маман Балнұр Отарбай.

Жаңа мектептің ашылуына қатысты ата-аналар мен оқушылар да пікір білдірді.

- Отбасында бес балам бар. Балаларымның бәрі осы Рудничный ауылының мектебінен білім алуда. Үлкен қызым Алтын белгіге бітіріп, қазір жоғары оқу орнында физика пәнінің мұғалімі мамандығына оқып жатыр. Төрт балам бүгін жаңа мектепке келді. Бұрынғы ғимарат қыста суық болды, балалар сырт киім киіп отыратын. Жаңа мектеп заманауи, мұнда білім алуға қажетті барлық жабдықтар бар. Осы игі іске атсалысқан барша азаматтарға алғыс айтамын, - деді көп балалы ана Айнұр Жақия.

- Өзім робототехникамен айналысқанды жақсы көремін. Бұрынғы мектепте оған мүмкіндік жоқ еді. Қазір жаңа ғимаратта робототехникаға арналған арнайы кабинет бар. Осы кабинетте топ болып, түрлі роботтар құрастыруды үйренеміз. Бұл біздің IT саласының алғашқы әліппесін мектеп қабырғасынан біліп шығуымызға көп көмегін тигізеді деп ойлаймыз, - дейді 10-сынып оқушысы Мирас Нұршатұлы.


Жалпы, биылғы жаңа оқу жылында өңірде екі жаңа мектеп – Текелі қаласы Рудничный ауылындағы № 7 мектеп пен Панфилов ауданы Сүптай ауылындағы орта мектеп, сондай-ақ күрделі жөндеуден өткен тағы екі - Көксу ауданы Бозтоған ауылындағы Мұсабек атындағы және Ескелді ауданы Елтай ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы мектептер қолданысқа берілді.

Облыс құрылғаннан бері атқарылған шаралардың арқасында әлеуметтік сала нысандарының жаңартылу деңгейі 55,8% болды. Сонымен қатар 2022 жылы облыста бейімделген мектептер саны 75 болса, қазір бұл көрсеткіш 37-ге дейін қысқарған.

Еске салсақ, қайтарылған активтер есебінен облыс аумағында жалпы саны 29 нысан салынуда, соның 4-еуі – мектеп (Рудничный ауылындағы мектепті қоса алғанда), сондай-ақ денсаулық сақтау және су шаруашылығы нысандары бар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Қанат Өмірәлинов, Көксу және Панфилов ауданы







ЖУРНАЛИСТ ҚАЖЕТ!

«Алатау» газетіне қазақ тілінде сауатты әрі сапалы материал жаза алатын журналист қажет.
Журналистика саласына қызығушылығы бар, ел ішіндегі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді көтеріп, мазмұнды мақала жаза алатын азаматтарды жұмысқа шақырамыз.
Байланыс телефоны: +7 701 140 7573

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.
«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.
«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.
через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.
через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 34 (1297) 04.09.2026 Алатау

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫ

Биыл дәстүрлі «Мерейлі отбасы» байқауына Жетісу облысынан 428 отбасы қатысып, өңір өтінімдер саны бойынша республикада екінші орынға ие болды. Іріктеуден өткен 20 отбасының ішінен жүлдегерлер анықталып, оларды облыс әкімі Бейбіт Исабаев марапаттады. Олар - білім беру, спорт, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда табысты еңбек етіп жүрген әулеттер.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінің 1-орын жүлдесіне көксулық Еркеновтер ие болды. Ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен отағасы Сәлім Сейтбайұлы КСРО спорт шебері, қазақ күресі мен еркін күрестен бірнеше дүркін жеңімпаз болған. Ал отанасы Қалипан Рыспайқызы – 10 бала тәрбиелеген «Батыр ана», «Алтын жұлдыз» және «Еңбек ардагері» марапаттарының иегері. Бүгінде бұл әулеттің ұрпақтары медицина, ғылым, спорт, құқық қорғау, экономика және мемлекеттік қызмет салаларында табысты еңбек етіп, ел дамуына үлес қосып келеді. 10 бала, 26 немере, 17 шөбере тәрбиелеп отырған өнегелі әулет. Бұл ретте Еркеновтер отбасы «Мерейлі отбасы» байқауының республикалық кезеңінде Жетісу облысының намысын қорғайтын болады. Байқауда 2-ші және 3-ші орын алған Панфилов ауданынан келген Ахметжановтар мен талдықорғандық Жармұхамедовтар отбасы да – жарты ғасыр бойы шаңырағының берекесін ұйытып, саналы ұрпақ өрбіткен әулеттер. Сол сияқты облыс аймақтарынан келген тағы 7 отбасы ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Жеңімпаздарға ақшалай сертификат, ал жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар тапсырылды. Мерекелік салтанатты шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

АЛТЫНЕМЕЛДЕ ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Кербұлақ ауданының Алтынемел ауылында «Ауыл құтқарушылары» ерікті өртке қарсы құрылымының 252-бекеті ашылды. Жаңа нысан алты елді мекендегі тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, бекет Алтынемел, Ақбастау, Қарлығаш, Байғазы, Қызылмектеп және Тастыбастау ауылдарын қамтиды. Бұл елді мекендерде 2 200-ден астам адам тұрады.

Өрт сөндіру бекеті жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен салынған. Мұнда тәулік бойы кезекшілік атқаруға қажетті жағдай жасалған. Ғимаратта өрт сөндіру көлігіне арналған бокс, демалыс бөлмесі, асүй, душ және жылыту жүйесі бар. Қызметкерлер арнайы дайындықтан өтіп, қажетті құрал-жабдықтармен және өрт сөндіру автоцистернасымен қамтамасыз етілген.

Нысанның ашылу салтанатына Кербұлақ ауданының әкімі Жанат Жүнісбеков, сондай-ақ Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшылығы мен жеке құрамы қатысты.

Жаңа бекеттің іске қосылуы ауданның шалғай елді мекендеріндегі өрт қауіпсіздігін күшейтіп, төтенше жағдайға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

ТОҒЫЗ АНАҒА МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорған қаласында көпбалалы аналарға құрмет көрсетіліп, оларға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградалары табысталды.

Салтанатты рәсім қала әкімдігінің мәжіліс залында өтіп, марапаттарды қала әкімі Ернат Бәзіл тапсырды. Биыл барлығы 9 ана мемлекеттік наградаға ие болды. Оның ішінде 2 ана «Алтын алқа», 7 ана «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталды.

Қала әкімі аналарды құттықтап, бала тәрбиесі мен отбасы берекесін сақтаудағы еңбектерінің маңызын атап өтті.

Марапат иелерінің бірі Нұргүл Бейсенбаева үшін бұл күн ерекше қуанышқа толы болды. Ол ана еңбегіне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

«Алтын алқа» мен «Күміс алқа» – көпбалалы аналардың отбасындағы еңбегіне ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесіне берілетін мемлекеттік баға. Марапат иелері де бұл құрметті бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктің белгісі ретінде қабылдады.

ҚАРАТАЛ ЖАҒАЛАУЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Талдықорғанда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза жағалау» экологиялық акциясы өтті. Тазалық жұмыстары Қаратал өзенінің бойындағы, Қызылтас саяжайы маңындағы аумақта жүргізілді.

Акцияға қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов бастаған 110 адам қатысты. Оған қоса қоқыс жинау және шығару жұмыстарына 11 арнайы техника жұмылдырылды.

Бір күндік тазалық нәтижесінде өзен жағалауынан 80 тонна қоқыс шығарылды. Шараның мақсаты – жағалауды тазалап қана қоймай, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру.

Акция барысында қала әкімінің орынбасары қоршаған ортаны таза ұстау тек арнайы қызметтердің емес, әр тұрғынның ортақ міндеті екенін атап өтті. Табиғатты қорғау осындай қарапайым істерден басталады.

АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдау барысында тұрғындар аулаларды абаттандыру, табиғи газбен қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жер телімін қарастыру, елді мекен атауын өзгерту, тұрақты жұмысқа орналасу мәселелерін көтерді.

Қала әкімі әрбір өтінішті мұқият тыңдап, көтерілген мәселелерді жан-жақты зерделеді. Әрбір сұрақ бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын тұрақты бақылауға алу тапсырылды.

- Халықпен ашық диалог орнатып, әрбір тұрғынның мәселесіне бейжай қарамау - біздің басты міндетіміз. Көтерілген барлық сұрақтар бақылауда болады және кезең-кезеңімен өз шешімін табады, – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ДОСТЫҚ ВОКЗАЛЫ АШЫЛДЫ



Алакөл ауданында Қытаймен шекарада орналасқан Достық станциясының теміржол вокзалы қайта жаңартылып, пайдалануға берілді.

Вокзал 1961 жылы салынған. Достық станциясындағы орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 158 адамды құрайды. Станция арқылы Алматы, Ақтоғай, Балқаш, Қарағанды және Астана бағыттарында жүретін 14 жолаушылар пойызы өтеді.

Қайта жаңғырту барысында вокзал ғимараты, шатыр және инженерлік желілер жаңартылды. Нысанның ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізіліп, перрон қайта жөнделді, сондай-ақ вокзал маңы абаттандырылды.

Жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің теміржол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы аясында жүргізілді.

Жоба ҚР Үкіметінің, Көлік министрлігінің, «Самұрық-Қазына» АҚ және Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-ның қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Қайта жаңартылған вокзал жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған.

Rail-news.kz

АУЫЛДАҒЫ ЖАЛДАМАЛЫ ҮЙГЕ ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНАДЫ



Жетісу облысының ауылдық елді мекендерінде жалға берілетін тұрғын үйлерді бөлу үшін өтініш қабылдау басталады. 1–7 қыркүйек аралығында тұрғындар баспанаға ие болу мүмкіндігін қарастырып, тиісті құжаттарын тапсыра алады.

Бұл жолы облыстың жеті ауданындағы 64 нысаннан 217 пәтер ұсынылып отыр. Оның ішінде Алакөл ауданында – 10, Ақсу ауданында – 5, Кербұлақта – 22, Сарқанда – 11, Қараталда – 3, Көксуда – 8, Панфилов ауданында 5 нысан бар.

Өтініштер электронды түрде Baspana Market порталы арқылы қабылданады. Сондықтан баспана алуға ниетті азаматтарға белгіленген мерзімді өткізіп алмау маңызды.

Жалға берілетін тұрғын үй ауыл тұрғындарының баспана мәселесін шешуге бағытталған. Биыл ұсынылып отырған 217 пәтер – осы бағыттағы жұмыстардың кезекті нәтижесі.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ХАБАРЛАНДЫРУ



Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары! Қалалық ардагерлер кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарында жыл сайын дәстүрлі түрде **«Қарттардың да өнерге бар таласы»** айдарымен өткізіліп келе жатқан өнер жарыстары жалғасын табуда.

Осы бағдарлама бойынша ардагерлер арасында кезекті ән байқауы өтетінін хабарлаймыз. Ұйымдастыру алқасының ұйғарымы бойынша іріктеу жарысы 2026 жылдың 14 қыркүйек күні, ал гала-концерт 17 қыркүйек күні қалалық Мәдениет сарайында өтеді.

Байқауда Дәстүрлі әндер және Қазақстан композиторларының кең тараған әндері орындалады.

Берілген уақытта сапалы дайындалып жақсы әндерімен көрінеді деп сенеміз.

Байқау ережесі әділқазылар алқасының шешімімен қосымша хабарланады.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

ЖОЛ КӨЛІК АПАТЫ



Жетісу облысындағы «Сарыөзек – Көктал» автожолында ауыр жол-көлік оқиғасы болып, алты адам қаза тапты, - деп хабарлайды inform.kz.

Апат жолдың 110-шақырымында болған. Алдын ала мәлімет бойынша, Chevrolet Cobalt маркалы екі автокөлік соқтығысқан. Көліктердің бірінің жүргізушісі қарсы бағыттағы жолаққа шығып кетіп, келе жатқан басқа автокөлікпен соқтығысқан. Жол апатынан алты адам оқиға орнында көз жұмды. Тағы бір адам түрлі жарақат алып, медициналық мекемеге жеткізілді.

Аталған факті бойынша қылмыстық іс қозғалып, қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Полиция апаттың барлық мән-жайын анықтауда.

Құқық қорғау органдары жүргізушілерді жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтап, жылдамдықты асырмауға және жол мен ауа райының жағдайын ескеруге шақырады.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ШЫҰ ПЛЮС» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының «ШЫҰ плюс» форматындағы отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

Мемлекет басшысы Қырғызстанның ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Бішкек саммитінің ұйым мүшелерін ортақ мақсаттарға жақындастыратынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, қазіргі әлемде күш көрсету мен текетірестің орнына өзара жауапкершілік, бірлескен даму және ұзақмерзімді ынтымақтастық қағидаттары орнығуы қажет. Осы ретте ол ШЫҰ қызметіндегі теңдік пен консенсусқа негізделген «Шанхай рухын» халықаралық көпжақты ынтымақтастықтың тиімді үлгісі ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның халықаралық жүйедегі маңызды рөлін де атап өтіп, Ұйымды нығайту мен оның тиімділігін арттыру ортақ міндет екенін айтты. Сондай-ақ Қазақстанның бейбіт әрі сындарлы сыртқы саясатты ұстанатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы қақтығыстардың алдын алу, дауларды бейбіт жолмен шешу және превентивті дипломатияны дамыту үшін халықаралық қоғамдастықтың бірлескен күш-жігері қажет екенін атап өтті.

akorda.kz

ҚЫЗЫЛТАСТА ЖАҢА ЭКОПАРК АШЫЛАДЫ

Талдықорғанда табиғат пен тарих тоғысқан «Қызылтас – Тасбақа» экопаркінің алғашқы кезеңі 5 қыркүйекте ашылады. Жаңа туристік нысан қала тұрғындары мен қонақтарына табиғи көрікті жерлерді тамашалап, тарихи мұрамен танысуға мүмкіндік береді.



Ашылу салтанаты сағат 10:00-де басталады. Ал шараға қатысушылар үшін сағат 09:00-де Қызылтас саяжайындағы автобус аялдамасынан велошеру ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, шатқалдағы көне петроглифтерге экскурсия, экологиялық акция, қолөнер жәрмеңкесі, этно-дефиле, ұлттық ойындар және басқа да шаралар өтеді.

Экопаркті жаңғырту жұмыстары үш кезеңге жоспарланған. Шатқал аумағында сақ дәуіріне тиесілі қорымдар мен 2 мыңнан астам петроглиф бар. Алдағы уақытта бұл жерді шетелдік туристер де қызығатын тартымды орынға айналдыру көзделіп отыр.

Ашылу күні тұрғындар мен қонақтарға арнайы автобустар қатынайды. Сағат 08:00-ден бастап олар «Dodo Pizza» алдынан және «Самал» шағын ауданындағы «Тоймарт» супермаркеті аялдамасынан жолаушыларды қабылдап, сағат 09:00-де экопаркке қарай жолға шығады.

Табиғат аясында серуендеп, көне тарихтың ізі қалған мекенмен танысқысы келетін қала тұрғындары мен қонақтарды жаңа экопарктің ашылуына шақырамыз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

«ІСКЕР АЙМАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ



Қазақстанда шағын бизнесті қолдауға арналған «Іскер аймақ» бағдарламасының жаңа ережелері күшіне енді. Бағдарламаны «Даму» қоры жүзеге асырады.

Енді бағдарламаға әлеуметтік кәсіпкерлер де салалық шектеусіз қатыса алады. Олар үшін субсидия мөлшері несие сыйақысының 50 пайызы, ал басқа кәсіпкерлер үшін 40 пайызы болады.

Бағдарламаға микро және шағын бизнес, ауыл шаруашылығы кооперативтері қатыса алады. Несие көлемі 200 млн теңгеге дейін, қаражат инвестицияға және айналым қаражатын толықтыруға беріледі. Субсидиялау мерзімі – 3 жылға дейін.

Кәсіпкерлер енді «Даму» қорының серіктес кез келген банкіне немесе лизингтік компаниясына өтініш бере алады. Қаржыландыру мақұлданған соң «Даму» қоры субсидия беру туралы шешімді 5 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Бағдарламаға қатысты кеңесті «Даму» қорының филиалдарынан, мобильді фронт-офистерден немесе 1408 байланыс орталығы арқылы алуға болады.

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы

ҚЫСҚЫ КӨМІР ҚОРЫ ЖАСАҚТАЛУДА

Күн суытқанға дейін қысқы отынды қамдап алған дұрыс. Талдықорғанда жылыту маусымына қажетті көмірді жеткізу жұмыстары жүріп жатыр. Қазір қаладағы көмір тұйықтарында 10,1 мың тоннадан астам қатты отын қоры бар.



Тұрғындарға Семей және Шұбаркөл көмірі ұсынылып отыр. Қала бойынша қысқы маусымға шамамен 63,3 мың тонна көмір қажет. Қазіргі таңда оның бір тоннасы көмірдің түріне қарай 21 500-ден 23 700 теңгеге дейін сатылуда.

Қаладағы көмір тұйықтары Талдықорған тұрғындарымен бірге облыстың өзге де елді мекендерін қамтамасыз етеді. Сондықтан мамандар көмірге сұраныс көбейетін уақытты күтпей, қажетті отынды қазірден сатып алуға кеңес береді.

Көмірді Алмалы, Рақышев, Абай, Желтоқсан, Медеу, Транспортная және Тынышбаев көшелеріндегі сауда орындарынан алуға болады.

Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары лауазымына қайта тағайындалды.

Қанат Бозымбаев 1969 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған. Еңбек жолын 1993 жылы экономист болып бастаған.

Ол әр жылдары «ҚазТрансОйл», «KEGOC» компанияларында басшылық қызметтер атқарып, энергетика саласында мол тәжірибе жинақтады. 2001–2007 жылдары «KEGOC» АҚ президенті болды.

Бозымбаев Жамбыл, Павлодар және Алматы облыстарының әкімі қызметтерін атқарған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Президент көмекшісі және Президент кеңесшісі болды.

2024 жылғы 31 наурызда Премьер-министрдің орынбасары қызметіне алғаш тағайындалған еді. Енді Мемлекет басшысының жаңа Жарлығымен бұл қызметке қайта оралды.

ХАЛЫҚ САНЫ 20,6 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Қазақстан халқының саны жыл басынан бері 105 мыңға жуық адамға өсті. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ел тұрғындарының саны 20 604 819 адамды құраған. Жыл басында бұл көрсеткіш 20,5 миллионға жуық еді.

Қазір елімізде 10,5 миллионнан астам әйел және 10 миллионға жуық ер адам тұрады. Халықтың басым бөлігі қалалық жерлерде шоғырланған. Жеті айда қала халқы 126,6 мың адамға көбейіп, 13,2 миллионнан асты. Ал ауыл тұрғындарының саны 21,6 мың адамға азайып, шамамен 7,4 миллионды құрады.

Халық саны бойынша Алматы қаласы көш бастап тұр – мұнда 2,3 миллионға жуық адам тұрады. Одан кейін Түркістан облысы, Астана, Алматы облысы және Шымкент қаласы келеді.

Жалпы, статистика Қазақстанда қала халқының үлесі артып, ауыл тұрғындарының саны біртіндеп азайып келе жатқанын көрсетеді. Бұл елдегі урбандалу үдерісінің жалғасып отырғанын аңғартады.

EGOV ЖАҢА ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Енді азамат шұғыл жағдайда ауруханаға түссе, бұл туралы алдын ала өзі таңдаған жақындарына SMS арқылы хабар беруге болады. Жаңа сервис адам өздігінен байланыса алмай қалған кезде әсіресе тиімді.

Ол үшін eGov порталында «Емдеуге жатқызылған жағдайда хабарлау үшін сенім білдірілген байланыстарды тіркеу» қызметі іске қосылды. Азамат жүйе арқылы үш адамға дейін сенім білдірілген байланыс ретінде тіркей алады. Олар 18 жастан асқан және Мобильдік азаматтар базасында тіркелген болуы керек.

Қызметті пайдалану үшін eGov.kz порталына кіріп, қажетті қызметті таңдап, сенім білдірілген адамның ЖСН-ын енгізу қажет. Көрсетілген адамға SMS жіберіледі. Ол хабарламаны растау үшін 911, ал бас тарту үшін 912 кодын жібереді. Шешім қабылдауға 5 сағатқа дейін уақыт беріледі.

Тіркеу расталғаннан кейін ақпарат Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесіне жіберіледі. Өтінішті өңдеу 10 минутқа дейін созылады. Қызметтің мәртебесін eGov-тегі жеке кабинеттен бақылауға болады.

Жаңа сервис жол апаты, кенеттен сырқаттану сияқты күтпеген жағдайларда адамның жақындарын дер кезінде хабардар етуге мүмкіндік береді.

АУДАРЫСПАҚТАН АЛҒАШҚЫ АЛТЫН МЕДАЛЬ АЛДЫ

Қазақстан VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында алғашқы алтын медалін жеңіп алды. Аударыспақтан сынға түскен Кәрім Нұрталап финалда қырғыз балуанын жеңіп, жарыс чемпионы атанды.

Осылайша, спортшы еліміздің қоржынына VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының алғашқы алтын жүлдесін салды.

Аударыспақ – ат үстінде күш пен ептілікті, тепе-теңдікті сақтауды және атты шебер басқаруды талап ететін қазақтың ұлттық ат спорты.

VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қырғызстанда 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында өтуде. Биылғы додаға әлемнің 113 елінен шамамен 3 мың спортшы қатысып, спорттың 43 ұлттық және дәстүрлі түрінен бақ сынауда.

Негізгі жарыстар Ыстықкөл облысының Шолпан-Ата қаласы мен көл маңында ұйымдастырылуда. Көшпенділер ойындарының жабылу салтанаты 6 қыркүйекте өтеді.

ТАЗЫ КҮНІ

Елімізде биыл алғаш рет тазы күні аталып өтіледі. Халқымыздың танымындағы айрықша орны бар осы екі тұқымға қатысты олардың мәртебесін көтеру, сол арқылы ұлттық санамызды бекіте түсу идеясын алғаш Мемлекет басшысы көтерген еді.

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев тазыға ерекше мән беру жайында әңгіме қозғағаны есімізде. Ал осыдан тура бір жыл бұрын қазақы тазы тұқымын ұлттық бренд әрі мәдениетіміздің ажырамас бөлшегі ретінде халықаралық деңгейде кеңінен насихаттауды тапсырды.

Тазы тұқымын дамыту және бірегей қасиеттерін сақтау, жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, халықаралық көрмелерге тұрақты қатысу сияқты бағыттардан тұратын бұл іске Қазақстан кинологтар одағымен қатар мемлекеттік органдар да белсенді атсалысуға тиіс екенін қадап айтқан болатын. Соған байланысты Үкіметтің 2026 жылғы 15 сәуірдегі қаулысына сәйкес, жаңа мереке 3 қыркүйекке қойылды. Осыдан екі жыл бұрын Амстердамда қазақ тазысы алдын ала танылып, Қазақстанға стандарт иесі мәртебесі берілген еді. Дегенмен халықаралық деңгейде толық тану 2034 жылдан кейін ғана бітеді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 34 (1297) 04.09.2026 Алатау

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНА ЕРКІН СҰРАҚ ҚОЮЫНА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Енді журналистер депутаттарға еркін сұрақ қоя алмайды. Құрылтай депутаттарының БАҚ өкілдерімен жұмыс істеу форматы өзгерді. Енді депутаттардың барлық брифингі, сұхбаты және пікір беруі тек ресми түрде белгіленген баспасөз орталығында өтеді. Бұл туралы Құрылтай аппараты басшысының орынбасары Болат Кальянбеков мәлімдеді.

Сұрақтар тек баспасөз орталығында қойылады

Оның айтуынша, енді журналистердің депутаттармен байланысы баспасөз орталығына көшіріледі. БАҚ өкілдері баспасөз орталығында Құрылтайдың күн тәртібіндегі нақты мәселелер бойынша жұмыс істеп жатқан депутаттарға сұрақ қоя алады. Яғни, журналистер алдына сол күні қаралып жатқан тақырыпқа қатысты пікір білдіруге өкілетті депутаттар ғана шығады.

«Журналистер депутаттарға қоятын барлық сұрағын баспасөз орталығында қояды», – деді Қалиянбеков.

Бұл ретте жаңа форматтың түпкілікті тәртібі әлі де пысықталып жатыр. Соңғы шешімді Құрылтай бюросы қабылдауы тиіс.

Депутаттар қалай таңдалады

Журналистер алдына бір уақытта қанша депутат шығатыны және мұндай кездесулердің қаншалықты жиі өтетіні әзірге белгісіз.

Сұхбат алдын ала келісілетін болады

Оның айтуынша, депутаттармен жеке сұхбаттасуға мүмкіндік сақталады. Ол үшін журналист нақты депутатпен алдын ала байланысып, кездесуді келісуі керек. Сонымен қатар депутаттарға жазбаша сауал жолдауға болады.

Кальянбеков өзгерістерді қолданыстағы аккредиттеу тәртібімен түсіндірді. Оның айтуынша, мемлекеттік орган журналистердің жұмыс істеп, депутаттармен байланысатын орнын өз бетінше белгілеуге құқылы.



Алайда жаңа тәртіп әзірге ресми түрде бекітілген жоқ. Оның нақты талаптары әлі де талқыланып жатыр.

Еске салайық, бұған дейін журналистер депутаттарға кулуарда алдын ала келісімсіз барып, Құрылтайда болған оқиғаларға қатысты жедел пікір ала алатын. Жаңа формат енгізілсе, мұндай мүмкіндік шектелуі мүмкін. Себебі енді журналистердің депутаттармен байланысы олардың баспасөз орталығына келуіне және қандай мәселелер бойынша пікір білдіруге дайын екеніне байланысты болады.

Жаңа тәртіп алғашқы күні-ақ байқалды

Жаңа тәртіптің әсері бүгін, 31 тамызда өткен жиын кезінде-ақ байқалды. Вице-президентті сайлау рәсімі өтіп жатқанда журналистер депутаттармен бұрынғыдай кулуарда тілдесе алмады. БАҚ өкілдері орналасқан баспасөз орталығынан кулуарға шығатын есік те жабық болды. Соның салдарынан журналистер депутаттарды мүлде көре алмады.

Журналистер ғимарат сыртынан Respublica фракциясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаровты кездейсоқ көріп қалып, одан сұхбат алды. Қожаназаров журналистерге депутаттармен жұмыс істеудің жаңа тәртібі туралы хабардар емес екенін айтты.

«Егер қандай да бір шектеулер енгізілетін болса, сіздермен диалогымыз жылы жерде өтуі үшін қажетті алаңдарды ұйымдастыруға дайынбыз деп ойлаймын», – деді депутат.

Іс жүзінде журналистерге депутаттармен еркін байланыс орнату мүмкіндігінен бас тартып, ұйымдастырылған кездесулер форматына көшу ұсынылып отыр. Мұндай форматта отырыстан кейін қай депутатқа және қандай мәселе бойынша жедел сұрақ қою керектігін редакцияның өзі анықтай алмайды. Депутаттармен байланыс көбіне баспасөз орталығына кімнің шақырылатынына байланысты болады.

kursiv.media

ТЕГІН 25 СОТЫҚ ЖЕРДІ КІМДЕР ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҮШІН АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕН 25 СОТЫҚҚА ДЕЙІН ЖЕР ТЕЛІМІН ТЕГІН АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ. СУАРМАЛЫ ЖЕР ҮШІН ТЕГІН БЕРІЛЕТІН АУМАҚ 15 СОТЫҚПЕН ШЕКТЕЛЕДІ, АЛ ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ СОЛ ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ТІРКЕЛУІ МІНДЕТТІ ТАЛАП САНАЛМАЙДЫ, – ДЕП ЖАЗАДЫ ERTENMEDIA.KZ.



Жер кодексіне сәйкес, азаматтарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу ауылдық жерде суарылмайтын жерден 0,25 гектар, яғни 25 сотыққа дейін жер тегін берілуі мүмкін. Ал суармалы аумақта бұл мөлшер 0,15 гектар немесе 15 сотықты құрайды.

Мұндай жер телімдері үй маңындағы және егістік үлестерін қамтитын жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге арналған. Ауыл шаруашылығы министрлігінің түсіндіруінше, жеке қосалқы шаруашылық азаматтың өз қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет түрі саналады.

Алайда кез келген бос жатқан жерді тегін алуға мүмкіндік жоқ. Егер белгілі бір телім сауда-саттыққа, соның ішінде аукцион арқылы өткізу жоспарланған жерлердің тізіміне енгізілсе, ол тегін жеке меншікке берілмейді.

Тағы бір маңызды шектеу бар. Жеке қосалқы шаруашылық үшін белгіленген мөлшердегі жерді мемлекеттен тегін алу құқығы, жалпы ереже бойынша, бір рет қана беріледі. Жер кодексінде арнайы көрсетілген жағдайды қоспағанда, осы мақсатпен жерді екінші рет тегін алу мүмкін емес.

Жер телімін алу үшін азамат өзі таңдаған аумақ орналасқан жердегі әкімдікке өтініш береді. Өтініште жерді қандай мақсатқа пайдаланатынын, болжамды көлемін, орналасатын жерін және қандай құқық түрін қалайтынын көрсету қажет.

Сонымен бірге өтініш беруші өзінің басқа жер телімдері бар-жоғын хабарлауы тиіс. Жеке қосалқы шаруашылық үшін жер алуға жеке кезек жүргізу заңнамада қарастырылмаған.

ЖЕР АЛУҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТТЫ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Мұндағы тағы бір маңызды нюанс – тегін беру бірден толық жеке меншік құқығын рәсімдеу дегенді білдірмейді. Жер кодексі бойынша жеке қосалқы шаруашылықтың үй маңындағы телімі мен жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер жеке меншікке жер игерілгеннен кейін беріледі. Игеру кезеңінде жер уақытша жер пайдалану құқығымен берілуі мүмкін.

Бос жерлер туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдар ашық жариялауға міндетті. Азаматтар әкімдіктердің ресми ресурстарынан, мемлекеттік мүлік тізілімінің порталынан ақпарат алады. Сонымен қатар арнайы ақпараттық стендтерден қандай жер телімдері бос екенін немесе қай аумақтардың аукционға шығарылатынын біле алады.

Әкімдіктер мұндай мәліметтерді тоқсан сайын жаңартып отыруы тиіс. Сонымен бірге жер алған азаматтар жөніндегі ақпарат та ашық жарияланады. Онда жердің мақсаты, көлемі, орналасқан жері, берілген құқық түрі және қажет болған жағдайда жалдау мерзімі көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы министрлігінде 2024-2026 жылдары жеке қосалқы шаруашылық үшін қанша өтініш беріліп, нақты қанша жер телімі тегін үлестірілгені жөнінде бірыңғай республикалық статистика жоқ. Мұндай деректер жергілікті әкімдіктер деңгейінде қалыптасады.

Сондықтан 25 сотық жер әр азаматқа автоматты түрде беріледі деген түсінік дұрыс емес. Құқық заңмен бекітілгенімен, оны іске асыру нақты елді мекендегі бос жер қорына, жердің нысаналы мақсатына және оның аукционға шығарылатын жерлер тізіміне енгізілген-енгізілмегеніне байланысты.

Қазақстандықтар үшін негізгі мүмкіндік – суарылмайтын ауылдық жерден 25 сотыққа дейін, суармалы жерден 15 сотыққа дейін телімді жеке қосалқы шаруашылық жүргізу мақсатында тегін алу. Ал нақты жердің бар-жоғын және оны беру мүмкіндігін сол аумақтағы әкімдіктен анықтау қажет.

15 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУ

Қазақстанда кірістер мен мүлікті декларациялау науқаны жалғасуда. Салық төлеушілер үшін негізгі мерзімдердің бірі – 2026 жылдың 15 қыркүйегі.



Атап айтқанда, 2025 жылы жұмыс беруші арқылы өзге де салықтық шегерімдерді қолданған азаматтар 270.00 нысанын ұсынуы тиіс. Шығындар тиісті құжаттармен расталуы қажет. Бір жылдағы өзге де шегерімдердің ең жоғары мөлшері 282 АЕК-ті құрайды.

Жеке тұлғалар үшін есептіліктің екі нысаны көзделген: 250.00 нысаны – активтер мен міндеттемелер туралы декларация, ал 270.00 нысаны – кірістер мен мүлік туралы декларация.

Биыл 250.00 нысанын азаматтардың жекелеген санаттары, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ заңнамада белгіленген шарттарға сәйкес шетелде белгілі бір активтері – жылжымайтын мүлкі, көлік құралдары, бағалы қағаздары, инвестициялық алтыны, шетелдік компаниялардағы үлесі, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуы бар ҚР азаматтары мен резиденттері.

270.00 нысанын салықтық шегерімдерді қолданған тұлғалардан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес кірістерін декларациялауға міндетті азаматтар, қаржы ұйымдарының жекелеген қатысушылары, заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, сондай-ақ өз бетінше салық салынуға жататын кіріс алған азаматтар тапсырады.

Декларациялау міндеті қолданылатын азаматтар үшін белгіленген мерзімді өткізіп алмау және қажетті құжаттарды алдын ала дайындау маңызды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ МАМАНДАРЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ СЕГІЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ТАНЫСТЫРДЫ.



Баспасөз мәслихатына Департамент басшысының міндетін атқарушы Сейсембек Булебаев пен бөлім басшысы Олжас Койчибаев зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері, медициналық-әлеуметтік сараптама, арнаулы әлеуметтік қызметтер және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру мәселелеріне тоқталды.

– Бүгінде Жетісу облысында 282 мыңнан астам адам зейнетақы мен жәрдемақы алады. 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша, осы азаматтарға ай сайын 20 млрд 467 млн теңгеден астам қаражат төленеді.

Облыста жасына байланысты зейнеткерлердің саны 98 241 адамға жеткен. Сонымен бірге 22 255 отбасы көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен қамтылған. Оларға ай сайын 1 млрд 748,1 млн теңгеден астам қаражат төленеді. Жәрдемақы көлемі отбасындағы бала санына қарай сараланады. Мәселен, төрт баласы бар отбасыларға ай сайын 69 330 теңге берілсе, сегіз және одан да көп баласы бар отбасыларға әр балаға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді, - дейді Сейсембек Булебаев.

Әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтардың бір санаты – мүгедектігі бар адамдар. Қазіргі таңда облыста мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 18 808 адам бар. Оның мөлшері мүгедектік тобына, мүгедектіктің себебіне және күнкөріс деңгейіне қарай белгіленеді екен. Сала маманы биыл I топқа - 111 873 теңге,

II топқа – 89 498 теңге,

III топқа - 61 022 теңге төленіп жатқанын да айта кетті.

Асыраушысынан айырылған азаматтарға да мемлекеттік қолдау қарастырылған. Қазір облыста мұндай жәрдемақыны 7 717 адам алады. Отбасы мүшелерінің санына байланысты төлем мөлшері де өзгеретін көрінеді. Мысалы, ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға берілетін жәрдемақы бір балаға 78 311 теңгеден басталып, балалар саны артқан сайын көбейеді.

Әлеуметтік төлемдермен қатар, азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі де сараланды. Департамент биылғы жылдың сегіз айында 17 мемлекеттік қызмет түрі бойынша 30 465 қызмет көрсеткен екен. Оның 24 998-і зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауға қатысты болса, 5 467 қызмет медициналық-әлеуметтік сараптама саласында көрсетілген.

Айта кетерлігі, медициналық-әлеуметтік сараптама бағытында бірқатар өзгеріс болған. Оның ішінде, 2 880 адам көзбе-көз куәландырылса, 2 587 азамат сырттай форматта куәландырылған. Яғни, азаматтың барлық жағдайда сараптамаға жеке келуі талап етілмей, денсаулығына байланысты қозғалысы шектеулі жандар үшін қолайлылық береді.

Сырттай проактивті куәландыруды кеңейту арқылы азаматтың уақытын үнемдеп қана қоймай, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік бар. Биыл сегіз айда сырттай форматта куәландырылған азаматтардың үлесі 47 пайызды құрады. Бұл белгіленген 45 пайыздық нысаналы индикатордан жоғары.

– Жалпы, облыстағы мүгедектігі бар адамдардың саны - 25 824, ол облыс халқының 3,8 пайызына тең. Оның ішінде

I топтағы 2 885, II топтағы 10 137, III топтағы 9 266 адам бар. Сонымен қатар 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар 3 536 бала есепте тұр. Олардың

1 059-ы жеті жасқа дейінгі балалар болса, 2 477-сі жеті жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер.

Мүгедектіктің алдын алу және оның ауырлауына жол бермеу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Биылғы жылдың сегіз айында облыста 1 175 адам алғаш рет мүгедек деп танылған. Былтыр осы кезеңде бұл көрсеткіш 1 121 адам болған. Осылайша, алғашқы мүгедектік көрсеткішінде 4,6 пайыздық өсім байқалады, - дейді басшысының міндетін атқарушы

Аталған көрсеткіш бойынша, ересектер арасында алғашқы мүгедектікке қанайналым жүйесінің аурулары, қатерлі ісік, түрлі жарақаттар мен тірек-қимыл жүйесі аурулары себеп болған. Ал балалар арасында психикалық және мінез-құлық бұзылысы, туа біткен даму ақаулары, деформациялар мен хромосомалық аномалиялар, жүйке жүйесі және эндокриндік аурулар басым екен.

Бұл ретте медициналық-әлеуметтік сараптама нәтижелерін жақсарту үшін Департамент пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалып, жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Нәтиже де бар. 2026 жылдың сегіз айында толық оңалту көрсеткіші 8,8 пайызды құрады. Былтыр бұл көрсеткіш 7,3 пайыз болған. Ішінара оңалту көрсеткіші де 20,9 пайызға жетіп, өткен жылғы 17,3 пайыздан өскен. Ал мүгедектік дәрежесінің ауырлау көрсеткіші керісінше төмендеп, 6 пайызды құрады. Өткен жылы бұл көрсеткіш 7,3 пайыз болған.

– Денсаулық сақтау басқармасы және медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссияларымен бірлескен жұмыстың нәтижесінде биыл медициналық-әлеуметтік сараптамаға негізсіз жолданған 32 жағдай анықталған. Былтыр мұндай жағдай 35 болған. Демек, негізсіз жолдау саны 8,6 пайызға азайған, - деді Олжас Койчибаев.

Департамент азаматтардың өтініштерін де қарайды. Жыл басынан жеке және заңды тұлғалардан 402 өтініш түскен екен. Оның 340-ы Департамент тарапынан қаралса, 55 өтініш құзыреттілігіне қарай басқа мемлекеттік органдарға жолданыпты. Ал азаматтардың мәселесін тікелей тыңдау бойынша басшылықтың жеке қабылдауында 32 азамат болған. Қаралған өтініштер медициналық-әлеуметтік сараптамаға және зейнетақы мен әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне қатысты дейті мамандар.

Әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау жұмыстары да жалғасып, сегіз айда 28 тексеру жүргізіліп, 56 заң бұзушылық анықталған. Оның 17-сі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласына, 11-і объектілердің қолжетімділігіне қатысты болған. Тексерулердің 17-сі профилактикалық бақылау тәртібінде, алтауы жоспардан тыс жүргізілсе, бесеуі облыстық прокуратураның талап етуімен өткізілген.

– Анықталған бұзушылықтардың ішінде реабилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына қатысты - 23, арнаулы әлеуметтік қызметтер бойынша - 23 және қолжетімділік мәселесіне қатысты - 10 жағдай бар. Заңнама талаптарын бұзған 21 субъектіге бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқама енгізілген. Сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 10 іс қаралып, нәтижесінде жалпы сомасы 2 млн 313 мың теңге айыппұл салынған. Айыппұлдар бюджетке толық өндірілген, - дейді бөлім басшысы.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қойылатын талап та күшейіп келеді. Соның бірі – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай қызмет көрсететін ұйымдарды міндетті лицензиялау талабының енгізілуі. Бүгінде облыста арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 30 ұйымның барлығы лицензия алған. Оның 25-і мемлекеттік, бесеуі үкіметтік емес ұйым. Жалпы жобалық қуаты 4 047 орынға есептелген. Ұйымдар азаматтарға әртүрлі форматта қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, тоғыз ұйым жартылай стационар, жетеуі стационар, екеуі уақытша болу, 14 ұйым үйде қызмет көрсету жағдайында жұмыс істейді. Тағы екі ұйым бірнеше форматта қызмет көрсетеді.

Жиын соңында қос маман: *«Биыл жаңа талаптар да күшіне енді. 2026 жылғы бірінші шілдеден бастап жаңа Құрылыс кодексіне байланысты құрылыс процесіне қатысушылардың объектілердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта талаптарына сәйкестігіне қатысты жауапкершілігі күшейтілді. Аяқталған нысанның бекітілген жобаға және мемлекеттік нормативтерге сәйкестігін растайтын құжаттардың бірі – сәйкестік туралы декларация. Бүгінде Департаментке келісу үшін төрт сәйкестік туралы декларация келіп түскен. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады»,* - деген жаңалықтарымен бөлісіп, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Жылыту маусымы жақындаған сайын тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігіне қойылатын талап та күшейеді. Осыған орай Жетісу облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті алдағы қысқа дайындық барысын пысықтап, өрттің алдын алу шаралары туралы ақпарат берді. Департамент қызметкерлері «2026-2027 жж. жылыту кезеңіне дайындық» тақырыбында баспасөз алаңында баяндама жасады.



Жетісу облысында жыл басынан бері 261 өрт тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,2 пайызға көп. Өрт салдарынан 7 адам қаза тауып, 8 адам жарақат алған. Сонымен қатар улы газдан 3 адам көз жұмған.

Өрттің басым бөлігі тұрғын үйлерде болады. Мамандардың мәліметінше, облыстағы өрттердің 70–80 пайызы тұрғын үй секторына тиесілі, оның едәуір бөлігі жылыту кезеңінде тіркеледі. Сондықтан алдағы қысқа дайындық қазірден басталып отыр.

Өткен 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымында оң динамика байқалған. Өрт саны 26 пайызға, қаза болғандар саны 35,7 пайызға азайған. Дегенмен зардап шеккендер саны 42,9 пайызға өскен.

Талдау көрсеткендей, өрттің негізгі себептері – электр жабдықтарын пайдалану талаптарын бұзу және пеш орнату кезінде өрт қауіпсіздігі арақашықтығын сақтамау. Әсіресе электр желілері мен пештері әбден тозған 60–80 жылдары салынған үйлерде қауіп жоғары.

Осыған байланысты облыста 2026–2027 жылдардағы жылыту кезеңіне дайындық жұмыстары күшейтілді. 15 тамыз бен 1 қазан аралығында «Тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі айлығы» өткізіліп жатыр. Оның аясында мамандар әлеуметтік осал отбасылардың үйлерін аралап, қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп, қажетті жағдайда нақты көмек көрсетуде.

Өткен жылыту маусымында облыстағы 131 мыңнан астам тұрғын үй түгелге жуық қамтылып, 250 мыңнан астам адамға өрт қауіпсіздігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Әлеуметтік осал топтағы отбасылардың үйлеріне 2 463 түтін және улы газ анықтағыш датчик орнатылған. Биыл да бұл жұмыс жалғасады.

Мамандар тұрғындарға қыс түскенше пештерді тексеріп, мұржаларды тазалауды, жарықтарды бітеуді және ескі электр сымдарын ауыстыруды ескертеді. Өрт қауіпсіздігіне қатысты күнделікті ақпаратты облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің әлеуметтік желідегі парақшасынан да алуға болады.

Бетті дайындаған: Гүлнұр БАЙМҰХАН

Дүйсенбі - Понедельник, 7 қыркүйек

ХАБАР

05.00 « Ар алдында»
05.45 «Сіздер үшін арулар» Ұлықпан Жолдасов
07.00 «Оян!»
09.00 «Келіжан»
13.00 «Айтыс айнасы»
13.45 «Кітаптренд»
14.00 «Нородный контроль»
14.30 «Белка и Стрелка Озерная семейка»
15.30 «Ловушка»
16.30 Новости
17.00 Ковер шоу
18.00 Жаңалықтар
18.30 Тұсаукесер «Әзіл бәйге»
19.00 «Ақ жеңге»
20.00 «Алданған тағдыр»
22.00 «Қоғам пікірі» саяси ток шоу
23.00 «Көзқарас»
23.30 «Райское место»
00.30 Меняйся к лучшему

ЕВРАЗИЯ

06.00 «В отражении тебя»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Т/с «Невский, расплата за справедливость»
02.40 Т/с «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.05 «Абай Бегейдің ән кеші»
08.15 «Закира», отандық Т/хсы
09.30 Т/с «Марашанец»
12.55 «Было дело»
14.10 Х/ф«Еркебай»
16.00 Т/с «Певица»
18.00 Т/с «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Золотое дно»
23.40 Т/с «Агенты справедливости»
01.50 Т/с «Певица»
03.30 Т/с «Марашанец»
05.20 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.05 «Ұлт ұяты»
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 «Угәгәй melody»
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
11.50 «Жаңа конституция»
11.55 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Әсем әуен»
12.55 «Конституция әліппесі»
13.00 «Единый народ»
13.25 «Жаңа конституция»
13.30 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Арнайы репортаж»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «ІТ және Кәсіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің кумирім»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
07.00 «Шымкент шоу»
09.00 М/с «Губка Боб»
10.50 М/с «Пингвины Мадагаскара»
10.40 М/с «Черепашка ниндзя»
11.30 Х/ф«Шаг к мечте:раз и навсегда»
14.20 Х/ф«Ангелы Чарли»
17.10 Х/ф«Война будущего»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф«Паркер»
23.30 Х/ф«Слепой закон»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток»
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әке мен әке»
08.10 Т/х «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40,
16.00,18.30,02.20ТелеТ/с
11.10,00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Ұмай»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 Т/с «Жар птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 «Иффет»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.55 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сейсенбі - Вторник, 8 қыркүйек

ХАБАР

05.00 «Ар алдында»
05.45 Бағым Мухитдиновның шығармашылық кеші
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
09.30 Т/х «Байдың қызын аламын»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Өзекті»
14.30 МультТ/с «Белка и Стрелка Озорная семейка»
15.30 «Ловушка»
16.30 Новости
17.00,19.00 «Ақ жеңге»
18.00 Жаңалықтар
18.30 «Әзіл бәйге»
22.00 «Ағашки по вызову»
23.30 «Райское место»
00.35 Меняйся к лучшему

ЕВРАЗИЯ

06.00 «В отражении тебя»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Т/с «Невский, близкий друг»
02.40 Т/с «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық Т/хсы
08.50 Вечерние новости
09.30 Т/с «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Золотое дно»
16.00 Т/с «Певица»
18.00 Т/с «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Золотое дно»
23.40 Т/с «Агенты справедливости»
01.50 Т/с «Певица»
03.30 Т/с «Марашанец»
05.00 «Закира»
05.25 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
12.55 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 аймақ»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Ғибрат»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.25 К/ф «Менің кумирім»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.05 Д/ф «Паутина»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

06.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Математика + музыка= махаббат»
09.00 МультТ/с «Губка Боб»
10.30 МультТ/с «Пингвины Мадагаскара»
11.10 МультТ/с «Черепашка ниндзя»
12.00 Х/ф«Хотя бы кино-да-2»
14.10 Х/ф«Паркер»
17.00 Х/ф«Дивергент»
21.00 Х/ф«Пастырь»
22.50 Х/ф«Три брата»
02.20 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әке мен әке»
07.00 Т/х «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40,
16.00,18.30,02.20ТелеТ/с
11.10,00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Ұмай»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 Т/с «Жар птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 «Иффет»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.55 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сәрсенбі - Среда, 9 қыркүйек

ХАБАР

05.00 «Ар алдында»
05.45 «Сәлем саған туған ел!» Кеңес Дүйсеновтың еске алу кеші
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
09.30 Т/х «Ағашки по вызову»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Біздің назарда»
14.30 МультТ/с «Белка и Стрелка Озорная семейка»
15.30 «Ловушка»
16.30 Новости
17.00,19.00 «Ақ жеңге»
18.00 Жаңалықтар
18.30 «Әзіл бәйге»
22.00 «Ағашки по вызову-2 начало»
23.30 «Райское место»
00.35 Меняйся к лучшему

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Т/с «Невский, близкий друг»
02.40 Т/с «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық Т/хсы
08.40 Вечерние новости
09.30 Т/с «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Золотое дно»
16.00 Т/с «Певица»
18.00 Т/с «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Золотое дно»
23.40 Т/с «Агенты справедливости»
01.50 Т/с «Певица»
03.30 Т/с «Марашанец»
05.00 «Закира»
05.25 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.20 Халықтық конституция
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Аналар күні»
17.00 «Угәгәй melody»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Несібе»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «После огня»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Мектеп президенті»
22.25 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

06.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
08.20 «Математика + музыка= махаббат»
09.00 МультТ/с «Губка Боб»
10.20 МультТ/с «Пингвины Мадагаскара»
11.20 МультТ/с «Черепашка ниндзя»
12.10 Х/ф«Хотя бы кино-да-3»
14.20 Х/ф«Война будущего»
17.20 Х/ф«Младенец на 30 млн долларов»
21.00 Х/ф«на высоте страха»
23.00 Х/ф«Чужой ребенок»
02.30 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әке мен әке»
07.00 Т/х «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40,
16.00,18.30,02.20ТелеТ/с
11.10,00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Ұмай»
15.00 «Шымкент шоу»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 Т/с «Жар птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 «Иффет»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЕСКЕ ТҮСКЕН БЕЙНЕЛЕР

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ҰСТАЗДАР ҮШІН ТАҒЫ БІР ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫ КЕЛДІ. МЕКТЕПКЕ ҚАТЫСЫ БАРЛАР ҒАНА ЕМЕС, БҰЛ КҮНІ МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАН ӘРБІР ЖАННЫҢ ТОЛҚИТЫНЫ ДАУСЫЗ. БІРІ СЕГІЗ-ОН ЖЫЛ БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ БОЛҒАН СЫНЫПТАСТАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН БАЛА КҮНДЕРІН ЕСКЕ ТҮСІРСЕ, ЕНДІ БІРІ ӘЛПЕШТЕП ӨСІРГЕН АТА-АНАСЫН, АЯУЛЫ ҰСТАЗДАРЫН САҒЫНА ЕСКЕ АЛАДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – МЕН.



Сарыбұлақ орта мектебінде болған ұстаздар, ортада - мектеп директоры Қ. Аязбаев ағай, математик

Мен әкем қызмет бабымен жиі ауыса бергендіктен, үш ауыл мектебінде оқыдым. Кейін өзім де ұстаз болдым. Сондықтан алғашқы қоңырау күнгі толқынысымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Жылдың осы мезгілі мен көктемгі соңғы қоңырау – мен үшін ерекше мереке.

Мектепке балаларымды дайындағанда, ата-анамның жеті баланы қалай киіндіргені еске түсетін. Алдындағы әпкелеріміздің формаларын кисек те, аяғымызға киетін аяқ киімімізді, сырт киімімізді жаңалап отыратын. Сонда ата-анама ризашылығымды кезінде білдіре алмағанымды ойлаймын. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің» деген сөздің жаны бар екен.

Енді немерелерімді мектепке дайындап, жетектеп апарған балаларымды көремін. Кейде өзім де бірге барамын. Сондай шақтарда ата-анамның жеті баланы өсіріп, жеткізудегі қиналысын сол кезде сезбегенім өкінішті болып еске түседі. Ал мектептегі ұстаздарымның жылы жүзі жадымда жаңғыра береді. Кейбіріне арнап естелік жазғаным да бар.

Кейде бір сәт сағыныш сезіміне бөленгеніңмен, күйбең тірліктің күрсінісі басым болып жатады.

Бүгін жұмысқа бет алғанымда, мектептерде ертеңгі күнге дайындық жүргізіп жатқандардың жарқын дауыстары мені балалықтың бал күндеріне тағы да жетелегендей болды.

Алғаш есіме түскені – туған жерім Алғабаста негізгі мектепке көшкеннен сыныпқа жетекшілік еткен Нұрғайша Нұрғалиева апайым.

Оның қазақтың біртуар бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегеноваға ұқсайтын сұлу бейнесі – менің өмірлік серігім десем, артық айтпайтын шығармын. Сұлулығына тамсанып, әдемі күлкісіне елітіп өстім. Білімге деген құштарлығымның артуына да сол кісінің әсері мол болды.

Ол өткізген әрбір тәрбие сағатынан алғаным өмірімде адастырмас бағдаршамым болды.

«Мектепке аттап басқанда, күлімдеп бізді қарсы алдың,

Біліміңнен сусындап, келеді сізге ұқсағым», – деп бала көңілімді білдіріп, суретінің тұсына жазып қойған едім. Өмірімде, ұстаздық жолымда апайыма ұқсап баққан да болармын.

Сәт сайын есіме алатын апайым жайлы естелік те жазғам, жаза бергім келеді. Мен ғана емес, сол мектепте Нұрғайша апайымның алдынан өткен әрбір баланың жүрегінде оның жарқын бейнесі өшпегендігіне сенімдімін.

«Ботаника сабағы – өсімдіктің тамағы,

Нұрғайша тәтей келгенде, ашылады қабағым», – дегенді біздің алдымызда оқығандар айтатын. Біз де үйрендік. Бізден кейінгілердің де осыны тақпақтағанына күмәнім жоқ.

Бесінші сыныпқа көшкенде, математика пәнінен ауылға жаңадан келін болып келген Жұмағыз апай Жақан келіні сабақ берді. Тегін, математик болып шыға келдім. Есепті шемішкеше шағатын болдым.

Жұмағыз апай жайлы жазған эссем де бар.

Қош! Енді сол бесінші сынып па, әлде алтыншы сынып па, география пәнінен Аманбай Қартбаев ағай сабақ берді. Ұмытпасам, физикалық географиядан бастадық.

Бұйра шашты ағайым да өнді азамат болған екен. Суық ауа мен жылы ауаның алмасуын, жүрер жолдарын жетеме жеткізе баяндаған болу керек, география да қызыға оқитын пәнге айналғаны есімде.

Картамен жұмыс жасауды, контурлы картаға Қазақстанның қай тұсында қандай қазба байлық барын атлас картадан көшіріп белгілеуді үйрендік. Құрлықтарды білдік, өзен, теңіз, мұхиттарды ажырата алатын болдық.

Кейін әкем Сарыбұлаққа қызмет ауыстырғанда, Сарыбұлақ орта мектебінде Сәния Әбілдина апай географиядан сабақ берді. Ол кісінің сабақ түсіндіргені, сабақ сұрағаны ерекше еді.

Қазба байлықтармен қоса, мемлекеттердің астаналарын, арал мен түбектің не екенін үйрендік. Картада таулы аймақтардың қандай түспен боялатынын білдік, шөлді даланы ажырата алатын болдық.



Алғабас орта мектебінде қызмет істеген ұстаздар. Ортада (алдыңғы қатар) Нұрғайша апай, Қажыбек ағай, Аманбай ағай

Неміс тілі пәніне де алғашқы күннен қызықтым. Өзіміз үйренген әріптерден өзгеше таңбалары ерекше болып көрінетін. «Ол әріптермен қалай сөз құрайды екен?» деген ой қызығушылығымды арттыра түскендей еді.

Сөздік жаттайтынбыз. Әлі күнге дейін есте қалғандарын немерелерге айтып қоямыз.

Қатыш Шүрменқызы (мүмкін, әкесінің аты басқаша шығар, біздің үйде солай айтатын) қаталдау болды. Бірақ ұрыс естімейтін оқушы болғандықтан ба, пәнді де, апайды да жақсы көрдім. Кейін Көксу ауданының Балпық би ауылында жиі кездесіп тұрдық.

Ал Сарыбұлаққа барғанда ағылшын тілін көп меңгере алмадым, бір жыл ғана оқығаннан болар. Ағылшын тілінен Жылқыбеков Нұрсұлтан ағай, сынып жетекшіміз, сабақ беретін. Сабаққа кешігіп барған күні сіңілім екеуміздің алдымыздан шығатын. Ұрыспайды, бірақ «Тағы ұйықтап қалдыңдар ма?» дегеннің өзіне жерге кірердей болатынбыз. Ағайдың алдымыздан шығатыны – күнде бірінші сабақта сынып оқушыларын түгендеп қайтатын.

Онышы сыныпты Шоқанда оқыдым. Сонда неміс тілі пәнімен қайта қауыштым. Бойы кішкене ғана, аппақ апайымыз біздің арамыздан сырт көзге көрінбей қалатын, бірақ өте білімді әрі талапшыл еді. Әлия Сұлтансихова апай үйреткен әндерді кейін сынып сағатын өткізгенде оқушыларыма да, отбасылық отырыс бола қалғанда балаларыма да, білгішсініп немерелеріме де үйреттім.

Химия пәні – мен сүйіп оқитын пәндердің сұлтаны еді. Садықова Нұржамал апай алдымен Менделеев таблицасындағы элементтердің таңбаларын жаттатудан бастады-ау, шамасы. Заттың үш күйін де жадымызға жақсы сіңірген еді. Бала күнімізден көріп өскен мұз, су, будың ғылыми тілде баяндалуына қызыққанымыз рас.

Темірдің, алтынның металл екенін білдік. Судың құрамындағы сутек пен оттек газдары қосылып, «қалай суға айналады?» деп таңдандық. Апамның сандығының түбіндегі күкірттің де Менделеев таблицасындағы таңбасын көрген қызық болды. Сосын қышқылдар, тұздар, негіздер... кете береді. Осының бәрін үйреткен Нұржамал апайдың қаталдығын сақинамен бастан соққы алғандар көп еске алады. Бірақ таңбалар да өшпестей болып естерінде сақталған шығар-ау?!

Кейін Сарыбұлақта Бәтес апай да химия пәнін тамаша түсіндіретін болып шықты.

Шоқан мектебіне барғанда, Санат ағайдың химиядан қойған «төрттік» бағасына жылағаным бар. «Химия – болашағымның мәні» деп жүргенімде, оның үстіне Бәтес тәтейден «бес» алған тақырыпты айтқаныма төмен баға қойғанына намыстанғаным бар емес пе?!

Бірақ маған химик болу бұйырмапты. Институттан «математика пәнінің мұғалімі» болып шықтым.

Елемес тәтейді айтсаңшы! Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Зор дауысын тыңдамау мүмкін емес еді, қазақ тілін жақсы меңгертті және жазушылық өнерді музыкадан сабақ берген Нұртай ағай екеуінен алдым. Нұртай ағайдың мұғалімдікпен қоса, журналистік қасиеті де бар. Өмір бойы ауылдың, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап келеді.

Ән-күйден сабақ берген бір апайды жиі еске аламын, бірақ аты есімде жоқ. Бізден бір сынып жоғары оқыған Зауытбектің әпкесі ме, жеңгесі ме, білмеймін. Нотаны және ана туралы бір ән үйреткен сол еді, жадымда мәңгі қалды.

Мектепте қиналған сабағым – тарих болды.

Жүнісқұл ағай, кейін Сарыбұлақта Төлеген Әбділдаевич, Шоқандағы аты есімде қалмаған ағай жандарын салып түсіндіретін. Бірақ оқиғалардың даталарын жаттау мен үшін қиынға соқты. Жаттай алмай, жылайтынмын.

Орыс тілінен берген Мая Қыдыралиновна «под», «над» дегенді қимылмен түсіндіргенде, топас болсам да ұғынуға тура келетін. Талдырмаш апай дәліздегі суреттерді көрсетіп әңгімелейтін. Ол қазақша білмейді, біз орысша түсінбейміз. Бірақ бет әлпетімен, қимыл-қозғалысымен жанын салып, ұғындыратын.

Сарыбұлақта орыс тілін екі топқа бөліп оқытады екен, ауданнан жіберген орыс қыздары сабақ берді. Ал Шоқанда өзіміздің сынып жетекшіміз Жұмабике Надирова апай орыс тілінен сабақ берді. Сабырлы апайымыздың қазақ тілінде қинала сөйлейтіні есімде қалыпты.

Тоқтасын ағай ше?

Сурет салудың қыр-сырын институт бітіріп келген сол ұстазымыздан үйрендік. Ақ қағазды төрт бөлікке бөліп сызып, құмыраны, алманы көлеңкесімен салып көрсеткені күні кешегідей есімде. Одан тәлім алған шәкірттер туралы іздестіру керектігін ойлап отырмын. Ауылдың сән-салтанатын арттырған ағайымыз талайдың бағын жандырғанына сенімім мол.

Дене шынықтырудан сабақ берген Қалижан ағай бес жасынан аккробатика жасайтын сіңіліммен екеумізді қосып, түрлі сахналық қойылымға дайындайтын, доптан түрлі жарыстарға апаратын. Кейін Сарыбұлақта Кәртай, Досан ағайлар, Шоқанда Қозыбек, Оралбек ағайлардан тәлім алдық, талай жеңістің дәмін таттық..

Сол сияқты Алғабаста алғашқы ұстазымыз Орынтай тәтей, бізге сабақ берген-бермеген Ильяс, Базархан, Ләззат, Кәсия, Күлсін, т.б. апайлар, Ақжігіт, Қажыбек, Қазыбек т.б. ағайлардың есте қалған бейнесі бірінен кейін бірі елес беріп, балалығым басым түсіп отырған шақ болды. «Өткенді еске алып, болашақты болжамау керек» деген қағиданы шығарған адамда сезім жоқ шығар.

Осы еске алудан қаншама ләззат, қаншама қуат алғаным өзіме аян. Өткенді еске алмасақ, тарихымызды білмесек, болашаққа көз тікпесек, бүгінгі жеткіншекті қалай тәрбиелемекпіз?

Әр естеліктен бір түйін түю – түйсікті жандарға берілетін ерекше қасиет дер едім. Тек жақсының жақсылығын көре білу абзал.

Ұстаздар – балалық шақтың ғана емес, бүкіл өмірдің естелігі. Олардың әрқайсысы бізге бір пәнді ғана үйретіп қойған жоқ, өмірдің өзін танытты. Бірі білімге құштарлық оятса, бірі талапшылдыққа үйретті, енді бірі өнерге жақындатты. Ал кейбірінің бір ауыз сөзі, бір қарасы, бір күлкісі жылдар өтсе де жадыңнан өшпейді.


Жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы осындай естеліктерді қайта жаңғыртады екен. Кеше ғана мектепке асығып барған бала едік, бүгін сол мектепке немерелерімізді жетектеп апарамыз. Уақыт өзгереді, ұрпақ жаңарады, бірақ ұстаздың шәкірт жүрегіне қалдырған ізі өшпейді. Ұрпағымыз ұлық болсын!



Алғабас орта мектебінің бұрынғы ғимараты

Құралай Нарынбай немересі
Талдықорған қаласы

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 34 (1297) 04.09.2026
Алатау



ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Бұл үйдегі дау түптеп келгенде өздері отыратын үйді сатудан басталған. Заманауи үлгіде салынған, құс ұясындай төрт-бес бөлмелі үй көптен бері үй адамдарын шырғалаңға салып, сауданың таразысында теңселіп тұрғандай еді. Әлгі сөз естілді де, еңселі үйдің көкірегінде қызыл болып жатып алды, бөлме бөлмелерге суық жел болып тарады. Үй сату мәселесі бәрінен де балалардың анасы Ажарға қатты батты. Байқұс ана екі оттың ортасында қалып, қанаты күйген құстай шыр-пыр болды. "Ары тартса арба сынатын, бері тартса өгіз өледінің" күйіне жетті. Не істерін, кімге нендей уәж айтарын білмей басы қатты. Кей-кейде өзін-өзі дүние шуынан алыс ұстап, ойға шомды.

Ажардың ертеңгі шай болсын, түскі шай, кешкі ас болсын дастарқан басында шошайып жалғыз отыратын әдеті. Ас мәзірін дайындап алады да, үстел басында оңаша күй кешеді. Мұндай жалғыздыққа бойы әбден үйреніп алған. Құдайға ғана жарасатын жалғыздық Ажарға да құп келгендей еді.

Қазірде ас бөлмесінде таңғы шайын ішіп болып, маңдайы тершіп, жан рақатын қызыл күрең шайдан тапқандай болып, оңаша отырған. Алайда бұл жолы Имандос үйде еді. Қосалқы бөлмеде ақ тер-көк тер болып, ертеңгі жаттығуын жасап жатқан. Бұл оларға етене жақын, көзтаныс көрініс. Бала өз мезетінде тұрып, алуан түрлі жаттығуын жасап жатқанда, ана дастарқанын дайындап, бар дәмдісін үстел үстіне қойып, оның келуін күтіп отыратын. Ал оның қашан келері белгісіз, кейде әуелі түскі шайға ұласып кететін шақтары болған. Имандос – негізі қызба мінезді, намысқой бала. Реті келген тұста әңгімеге де, өзгедей тірлікке де араласып кетеді. Сырт тұлғасы да көз тартқандай, бойшаң келген, талдырмаш денелі, қазақи өңді, өткір шегір көзді сарғылт реңді сымбатты бала. Спорт, оның ішінде зілтемір көтеру – оның сонау бала кезден бастап бойына дарыған жан серігі.

Ал екіншісі ұлы болса, беймаза, қыти. Басқасынан кешіксе де, ішер астан кешікпеген. Шай үстіне келіп, мойны қылқиып, қиястанып отырады. Сыйқым бойынан ештеңеге де қызығушылық, жылы леп байқалмайтын. Не нәрсеге болмасын сынай қарап, мінеп отыратын. Көзі түскен нәрседен кінә табуға тырысатын. Тіпті үстел үстіндегі шыны-аяқтың қойылғаны, қасық-шәміштің қалай шашырағанына дейін ерінбей сөз қылатын. Сөз аңдуға да қамбыл. Анасының болсын, Имандостың болсын әр айтқан сөзін ішкі есепке алып, шұқыланып отыратын. Тым кірпияз, кінәмшіл және, бір айта кетерлігі, осы қылығын ол өзінше тақуалық санайтын. Үшеуара бас қосқанда әркім аузына ие болып, екі елі ауызға, бір елі қақпақ қоятын. Әсіресе анаға қиын еді. Имандосқа қарата қандайда бір ұнасымды сөз айтып, жылы лебіз білдірді бітті, Сыйқымның өңі лезде бұзылып шыға келетін. Алапардай қыли көздері одан әрмен үш бұрыштанып, жанары сұйқылтым, селдір қастарының астына жасырынып, саз беттене қалатын. Үстел басындағы осындай сұрқылтайды сезген ана көбіне демі ішінде тұншығып, үнсіз отыратын.

Бәрі де Ажардың басынан өткен кешегі өтпелі өкініштің әсері. Ел қатарлы басталған оң жақтағы аз күндік түлкі бұлаң шақтың да қызығы көпке бармаған. Жиырмадан аса тұрмысқа шықты. Барған жерінде алғашқы жылдар үкілі үміт сыйлағандай болғанымен, кейінгі мезгіл тасбауыр, тар қыспаққа айналған. Арада аттай шауып, жылдар сырғып өтіп жатса да бұл бала көтермеген. Бойының жібіп, анарының иімегені бұған соққы болып тиді. Сүйегі жарылып, кеудесінен сүт тамбаған. Түрі де әйбат, түсі де келісті еді, алайда мәуесі жоқ жеміс ағашындай болып, өзгеден оқшаулана берген. Қатарынан үш рет некеге отырып, үш ошақтың отын жақты. Соңғысы осы қолындағы екі баланың Имандос пен Сыйқымның әкесі Тапал еді. Әйелі жүрек талмасынан қайтыс болып, он жасар Имандос пен одан екі жас кіші Сыйқымға ие болып, қаңырап шаңырақ астында жалғыз қалған екен. Тапал үлкен ұлы өз кіндігінен болғанда, екінші баланы жетім балалар үйінен асырап алыпты.

Уақыт өте берген. Сол өтпелі уақыт бұл отбасыға тағы да бір қаралы таңба, өшпес өкініш тастап кеткен. Үлкені әскери қызметін өтеп, екіншісі он жылдық өмір мектебін түгеткен жылы Тапал да дүниеден өткен.

Бұл отбасында бірін-бірі жоқтан өзгеге кінәлау, аяқ астынан ұрыс шығару, сөйтіп бет-жыртысып, жікке бөлініп жату дегеніңіз түкке тұрмайды.

Сыныктан сылтау табыла кетеді де, арты ренішке ұласады. Бұл неғылған ұрыс, себебі не, бізге сілкілесудің қажеті қанша деп ешкім елеп-екшеп жатпайды, әркім ойындағысының бәрін айтпаса да, шет жағалатып айтып, саябыр табады. Әсіресе ешкімге дес бермей, барын ақтаратын Сыйқым. Іш қысасы ішінде болып, сары масадай ызыңдап жүретін дауы кес неме тезінен ілінісе кетеді. Анасы баланың үлкені ғой деп, Имандосқа көңіл бөлді бітті, Сыйқымның иттатайы құрыстайтын.

– Имандос, түрің кетіп тұр ғой, ыстық-ыстық шай ішсеңші,– деді бітті Сыйқымның тиегі ағытылатын.

– Ана деген қандай жақсы,– дейтін кекетіп, – бер балаңа, бәрін бере бер. Ал біз сормаңдайға қарайтын пенде жоқ. Өйткені біздің анамыз жоқ. Жетімдер үйі деген тасбауыр, суқай мекеме бар. Жартастың баурайына салған ұядағы қызылшақа балапандай кіл жетімектер шыр-шыр етеді. Біз соның бірміз. Сол үшін де бізге ешкімнің жаны ашымайды.

– Қой балам олай деме, – деп ана бәйек болады, – сенің анаң да, ағаң да бәрі бар. Біз саған өмір бойы қамқор боламыз.

– Қажеті жоқ, біз секілді тастандыларға кім пана болар дейсің.

– Өйтпе қарағым,– дейді ана,– Сыйқымның өксікті өмірін еске алып жатқанына налып,– біздей жанашыры бар сен бақыттысың.

– О, кей-кейде басым айналады, сөйтсем бақыттан айналады екен ғой…

Сол бір шақта Ажар көшпелі дүкеннен жалғыз тал аяқ киім алып еді. Ер жеткен екі бала бар, біреуі киер деп ойлаған. Қырсық шалғанда аяқ киім Имандосқа дәл келді де, Сыйқымға сыймай қалды. Жаңа аяқ киімді киіп алмақ болып, олай бұлқынды, былай бұлқынды, болмады. Аяқ киім сыймап еді. Сыйқым бүйткен киім құрсын деп лақтырып кеп жіберген. Ана тезінен іліп алып, Имандосқа ұсынған. Ол аяғын сұққан бойда киім өлшегендей нақ келген.

– Бұл киімді кімге арнап алдыңыз,– деген Сыйқым.

– Ешкімге арнаған жоқпын, – деп ана шынын айтқан, – әйтеуір екеуінің бірі киер деп ойлағам.

– Жалған сөйлеп тұрсыз,– деп ақиланған ол, – бос сөйлеп тұрсыз.

– Сөздің расы сол, өзге не дейін.

– Сөздің расын мен айтайын. Сіз бұл киімді әу дегенде Имандосқа арнап алғансыз. Сіз оның өлшемін білесіз. Сол үшін де бәрі жарасып тұр.

– Жоқ, менде ондай ой болған жоқ.

– Болған, болғанда қандай. Сіз Имнадосқа арнап алған затты маған неге ұсынасыз.

– Кисін дегенім ғой.

– Жалған сөйлеп тұрсыз. Сіз кисін деп емес, киіп жатқанда сыймай қалып, келеке болсын деп ойлағансыз. Сол үдеге жеттіңіз.

– Өйтпе қарағым, көрінген нәрсені теріс айландыра берме.

– Сөз соған сай келіп тұр.

Үйге Имандос кірген. Үйдегілердің түрін көріп, шарасыздық сезініп еді…

Имандос жаңа тақия киген күні үстел басында тағы кезекті шу шықты. Екі бала да үйде еді. Екеуі де ортаңғы бөлмеде бейқам отырған. Ана кірген бойда дорбасын үстел үстіне қойып, той ырызғысын тарту етті де Имандосқа қарап:

– Тақия бар еді, сол Сыйқымға қарағанда саған келісетін секілді,– деп әлгі тақияны Имандостың басына кигізген. Басына кигізді де:

– Ә, міне айттым ғой саған жарасады деп, әншейін бап келді,– деп қуанышын да жасыра алмаған, – игілігіңе ки, қарағым. Зіл темір көтеріп, ел аралап, су кешіп жүрсің ғой, барған жеріңде киіп жүр.

– Жарайды анашым,– деп Имандос анасының бетінен сүйген,– рақмет, тақия емес, қасқыр ішік кигендей қуанып тұрмын. Ендігі сыйлық бізден де болып қалар…

– Жарайды, өстіп, ел алғысын арқалап, аман жүргеніңнің өзі сыйлық. Одан өзгесі керек те емес.

– Маған тегі көз салатын, қаперіне алатын адам жоқ, – деп осы тұста Сыйқым күңк ете түскен, – жетімдер үйін еске алатын есіркейтін адам, қоғам қашан пайда болды.

– Оның ауылы әлі алыс, ал қызғанғаның қызыл тақия болса, ал міне, – деп тақияны Сыйқымның алдына лақтырып жіберген. Сыйқым дәл алдына түскен тақияға тап бір құбыжық көргендей жиіркене қарап, теріс айналған…

Сөз аяғы ойламаған жерден ренішке ұласқан. Сыйқым тағы да мұңын шақты.

– Біз жетімдерміз, – деді күйініп, – жатақханаларда өзгелермен жағаласып тірлік кешіп жатқан бейресми топтың өкіліміз. Санда бармыз. Санақта да бармыз. Біз жетімдерміз, жылап жүріп біздер де жетілерміз…

– Құлыным, кешірімді болшы, – деп ана Сыйқымға бәйек болды, – қанша дегенмен ағаң ғой.

– Сен менің анам емессің, – деді Ажардың қолын қағып жіберіп, – сол үшін де мені балам деп айтпа, құлыным деп еркелетуші де болма. Бұл үйде менің ағам да, анам да жоқ. Мен жалғызбын, мен тума жетіммін. О, тоба, – деді екі қолын алдына созып, – осы мен кейде ештеңені түсінбеймін. Күні кеше ғана есігі ашық, түрменің не екенін білмейтін бейкүнә ел едік қой. Қарттар үйі, жетім балалар ауласы деген мүлде болмаған. Сонда бізде енесі өліп кеткен жетім лақты екіншісі келіп баурына басып, емізіп кете беретін киік-аң құрлы жанашырлық қалмағаны ма? Түсінсем бұйырмасын…

– Барар жер, басар тауың жоқ екенін білесің, – деді әлі де бойынан ашуы тарқамаған Имандос,– қаңғып-қаңғып қайта айналар жерің осы екенін тағы білесің. Ең болмаса ұшқан ұяңды бұзып, су ішкен құдығыңа түкірмесең етті.

Мектеп бітіргелі төрт жылдың жүзі болды. Әскерге жарамады. Қала қаңғыды. Арада бір рет үйленіп, қайын жұртында күшік күйеу болды. Біле білсе қанша дегенмен бұл менің інім ғой. Оны біліп жатқан бұл жоқ. Қала кезіп, аяғынан тентіреп жұмыс істеген болды. Береке таппады. Тағы ит болып, үйге келіп итаяғын жалады. Енді келіп, түк таппағандай үйді сатамыз дейді.

– Сөздің тоқ етері сол,– деді Сыйқым оңшалып алып,– сөздің тоқтар жері сол үйді сату керек.

– Қандай мақсатпен сатамыз?

– Ақшасын үшке бөліп аламыз да, әрқайсымыз өз бетімізше күн көреміз.

– Қателесіп тұрсың, – деді Имандос, – қатты қателесіп тұрсың.

– Неге?

– Олай болатыны біздің анамыз бар. Оны қайтып көзін қиып, қаңғыртып, далаға тастап кетпексің.

– Менің анам жоқ. «Иттің иесі болса, берінің құдайы бар» деген. Жетім деп кемсіте бермеңдер, біздің де тәңіріміз бар.

– А, – деп анасы сұмдық көргендей шошынып, артқа шегіне берген, – не деп тұрсың?

– Не естісеңіз сол.

– Ей, сандалма, – деп осы тұста Имандос орындықта мыжырайып отырған немені жағасынан алып, тік тұрғызып, шапалақпен тартып-тартып жіберген.

Арашаға тағы да Ажар түсті. Екеуінің ортасына түсіп жік-жапар болды.

– Қойыңдар, айналайындар, бұларың тегі жараспайды. Сендер ағайындысыңдар.

– Қайдағы ағайын, – деді Сыйқым сыртқа шыққанға қам жасап жатып,– ағайыны несі, біз ағайын емеспіз және болмаймыз да. Өйткені мен жетімдер үйіненмін… Үйді сатамын дедім бе, сатамын. Мен қалаға кеттім. Мен қайта айналып келгенше үйдің бағасына келісіп, мүмкін болса сатуға дайындап қойыңдар. Мен де қарап жүрмеспін. Алам деушілер де алдымнан шығып қалар…

Ажар мен үлкен ұлы кімге не дерін білмей аңтарылып, бір-біріне қарады…

***

Сыйқым сол кеткеннен молынан кетті. Қайда баратынын, не істейтінін ешкімге тіс жарып айтпаушы еді. Бұл жолы да сөйтті және оның осы мінезіне қанық үй адамдары оған еш сұрақ қоймайтын. Имандос болса, әдеттегі жаттығуынан жаңылмады. Таң бозынан тұрып, өзіне үйреншікті жаттығуларға кірісетін.Күн ашық болса, есік алдындағы алаңқайда, егер жел болса, қосалқы бөлмеде жаттығатын. Нендей жағдай болмасын жаттығудан қол үзбейтін және жай, қарадүрсін жаттықпайтын. Белгілі бір ереже жоспар бойынша шынығатын. Күніне бір қолмен салмағы он келі тұратын ауыр темірді он рет көтеру керек болса, жазбай, жаңылмай сол он келіні көтеретін. Жиырма болса, отыз болса да оған бәрібір көтермей қоймайтын. Салмағы орташа еді. Алпыс пен жетпістің аралығында болатын. Сол салмақ

бойынша зілтемірші не істеу керек болса, бұл соның бәрін артығымен орындайтын. Үй маңында, есік алдында болсын өзгедей білек күшін білеп, көтеретін заттары болатын. Мысалы кесілген шөлке, мотоциклдің әлдебір темірі, жеңіл машинаның дөңгелегі тағы басқадай ауыр заттарды уақыт талғамай көтере беретін. Қорада жеті-сегіз қой-ешкі тұрушы еді. Имандос күніне екі-үш рет барып, әлгі малдарды шетінен көтеріп шығатын. Қозыдан тартып, қойды көтерумен аяқтайтын. Кей-кейде қосарлап екіден көтеретін. Жай көтеріп қоймай қора шінде айналып жүретін. Бұзауды көтеріп, тананы көтере алмай әлекке түскен кездері де болған.

Имандос әлдебір ауыр заттарды көтеруді сонау ерте кезден, тіпті мектептің төменгі сыныптарында оқып жүрген шағында бастаған. Денешынықтыру пәнін ерекше жақсы көрді. Спорт үйірмелеріне, оның ішінде зілтемір көтеру скециясына белсенді қатысты. Оның бұл талабын байқаған пән мұғалімі де одан еш жақсылығын аямаған. Үнемі қанатының астына алып, қамқорлық жасаған. Зілтемір көтерудің қыры мен сырын айтып, ертеңіне жол сілтегендей болған. «Бүгін мұнша салмақ көтердің келесі аптада мұнша, ай соңында пәленше салмақ көтересің» деп, ұдайы алға жетелеумен болған және бір жақсысы сол айтқандарын сөз жүзінде қалдырмай, іске асырып отырған. Әлі есінде бесінші сыныпты түгесер жылы наурыз мерекесі қарсаңында ұстазы екеуі үйге келген. Екеуі де мәз, қуаныштарын жасыра алмай жайраң қағады. Есік алдында тұрған Ажар апасын тосын жаңалықпен қуантқан.

– Апа, сізге айтар қош хабарымыз бар – деген ұстазы күлмең қағып.

Ана бас изеген. Айта бер дегені.

– Айтса былай, бүгін мектепте ауданаралық спорт жарысы өтті. Оған оншақты мектептің жас спортшылары қатысты. Спорттың әр түрінен жарыстар өтті. Ал зілтемір көтеру бойынша біздің мектеп бірінші орын алды. Жеңіске жеткен сіздің ұлыңыз Имандос Тапал. Ол өз салмағы бойынша өзі қатарлас спортшылардың ішінде ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Міне, сонда алған сыйлықтарымыз деп өздерімен бірге ала келген түрлі марапат қағаздарын алып қайтты. Тағдырдың зырылдауығына шектеу жоқ. Имандос орта мектепті тамамдап, керек десе әскер қатарына да барып қайтқан.

– Апа, – дей келіп бірде Ажарға ашылып, сырын айтқан, – осы әскери жүктеме маған оңынан келді, – мен үшін еш қиындығы болмады. Әскери басшылар мені сол ортада түпкілікті қалуды ұсынды. Көп айналдырды. Жалақың да қолжетімді, пәтері де болады дегенді алдыға тартты. Мен келіспедім..

– Неге?

– Болмайтыны сол, сізді мұнда кім қарайды. Сіз жалғыз қалатын секілдісіз.

– Алда жарғым-ай, ә, – деп жүрегі елжіреген ана Имандосты құшағына алып, екі бетінен кезек-кезек сүйген.

– Сыйқымға жаным ашиды, қанша дегенмен Тапалдың алақаны тиген бала ғой.

– Сіз оған еш алаң болмаңыз. Оны өмірдің өзі түзейді.

– Өмірдің өзі түзегенше саудасы да бітіп болар. Екі күннің бірінде хабарлама жібереді.

– Не жетпей жатыпты?

– Не жетпейді дерің бар ма, сол баяғы ақша. «Аш қалдым» дейді. «Автобусқа төлер ақшам жоқ, табанымнан тозып жаяу қалдым» дейді. «Сендер менің үйімде рақатқа батып, шалқып жүрсіңдер, ал менің күйім мынау» дейді. «Аралатып айтқанда, үй менікі, пәтерақы төле» дегенге саяды. Екі сөзге келмей соны меңзейді. Зейнетақының көбі соған кетіп жатыр. Әй, жағдай осылай жалғаса берсе, күндердің күні біз баспанадан айырыламыз. Далада қалуымыз әбден мүмкін.

– Алаң болма анашым, ол жағын мен де жар құлағым жастыққа тимей ойластырып жатырмын. Теңгенің де сәті түсіп қалар.

– Бізге кім ақша бере қояр дейсің?

– «Сабақты ине сәтімен» деген. Сабыр етіңіз.

– Өзімде сол сабырға мойынсал болып жүрмін. Айтарым, ол Сыйқым ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір күні үйді сатпай қоймайды. Ол өз дегенін істейді. Мен оған кәміл сенемін.

– Әй, осының бойында қазақи қан жоқ-ау шамасы. Жатыры басқа ғой нәлет соққырдың.

– Ол жағын өзің де білесің ғой. Жетмідер үйі қайбір жетіскен орта дейсің…

Соның арасынша Ажардың қалта телефоны шылдырап қоя берген. Хабарласқан тағы да Сыйқым екен, тағы да ақша дауы, үй дауы сөз болып жатты…

Екі апта мезгіл өткен. Келесі жарысқа кеткен Имандос қуанышпен оралды. Ұланбаторда өтетін зілтеміршілердің халықаралық ақтық жарысына жолдама алыпты…

– Бұл мен үшін өте маңызды жарыс,– деді Имандос толқи сөйлеп, – өте маңызды. Бұл жарыс менің тағдырымды шешеді. Не алдағы күндерге жарқын жол ашады, не болмаса тағы да ақ тер-көк тер болып жаттығуды талап етеді. Мен бәріне де дайынмын. Шешінген судан тайынбайды.

– Сонда бұл үлкен жарыс болғаны ғой.

– Әрине, солай, бұл жарысқа бүкіл төрткүл дүниенің ең мықты деген зілтеміршілері қатысады. Небір қара күш иелері бар. Атағынан ат үркетін дүниеге танымал зілтеміршілер де төбе көрсетеді.

– Ендеше, саған сәттілік тілеймін, – деп Имандосты тағы құшақтап, бетінен сүйіп қоя бергені сол еді, құтты болсын айтушылардың алды келе бастаған.

– Пәлі, мынаны қара,– деді келгендердің бірі, – баласын әлі құшақтап сүйіп тұр.

– Дәл сондай сүюге лайық балаң болса, сүйгенге не жетсін, – деп екінші дауыс оны қостап қойды.

Келгендер бірінен кейін бірі Имандосты құшақтап, тілеулестік білдіріп жатты…

– Алла тағала алдыңнан жарылқасын, түнде телевизордан ойындарыңды көріп, қатты риза болдық.

– Мен, тегі Имандостың сонша ауыр темірді көтеріп, жеңіске жеткенін көріп, таңға ұйықтай алмадым. Өңшең өңі бөтен адамдардың арасында өзіміздің баланың жүргені тегі қызық болады екен.

– Тағы сол өзіміздің баланың жеңіп жатқаны - қызықтың көкесі емес пе?

– Ал, Ажар, – деді балпанақтай ақ сары әйел күле сөйлеп, – ақ түйенің қарны жарылатын күн бүгін. Нең бар, соның бәрін ортаға сал.

– Менде не бар дейсің, – деді Ажар,

– дейтұрғанмен осы үйдің шінде не бар, соның бәрі сендердікі.

Қарапайым ауылдың қашан да құшағы кең, алақаны ашық қой. Келгендердің бәрі құралақан, бос келмеген. Әркім өз әліне қарай әлденесін жаншығына баса келіпті. Жолдаманың көрімдігінің өзіне пәлен теңге түсті. Тіпті ұсақ мал атағандар да бар.

– Бұл жақсылықтың басы,– деді әлгі мамақаздай мамырлаған ақ сары әйел көсіле сөйлеп, – бұл игі іс әлі жалғасады. Көрімдіктің көкесін Имандос Мұңғұл елінен чемпион болып оралғанда алады. Тоқтысы қошқарға, тайы атқа, танасы өгізшеге айналады. Бар айтарымыз сол, тек қана жолы болсын.

– Көк туды желбірет Имандос, аянушы болма.

– Жеңісті күндерде кездескенше!

***

Келгендер кетіп, үй іші босап, Ажар мен Имандостың оңаша қалған бір шуақты шағы еді. Алайда бұл тыныштық көпке бармаған. Жалқы шыны шай ішті ме, ішпеді ме, үй сыртынан машинаның гүрілі естіліп, соның арасынша есік ашылған. Келген Сыйқым екен. Есікті ашты да, босағада теңселіп тұрып қалды. Ол мас еді. Сол себепті де не істерін білмей әрі өзін дұрыс ұстай алмай мәңгіріп қалған. Артынша жүргізуші кірді. Осы ауылдың баласы.

– Апай, – деген Ажарға қарап, – Сыйқымды аудан орталығынан алып келдім. Өткен жолы да алып келгенмін. Ол ретте де жол ақысын бермеген. Бұл жолы да бермей отыр.

– Неге?

– Теңгем жоқ дейді.

– Енді қайтсін, қанша дегенмен сыртта жүрген бала ғой, ақшасы болмаса болмай қалған шығар. Мен төлейін, – деп қалтасын қарманды да жүргізушіге ақша ұсынды. Ол болса, алғанына қуанып, шығып кетті.

– Сыйқым, неғып босағада тұрсың, бері кірсеңші,– деді ана қамқорлық танытып,– киіміңді шеш, отыр дегендей…

Сыйқым теңселе басып, үстел басындағы орындаққа емес, үй қабырғасына жанап қойылған диванға отыра кетті. Көзі кілгіріп, үй ішін, дастарқан жақты шолып шықты да:

– Той жасағансыңдар ма,– деді.

Ана тілге келді.

– Той емес, соның беташарын жасадық.

– Ол ненің қуанышы?

– Ағаң Уланбаторда өтетін үлкен жарысқа жолдама алыпты. Енді сол жақта зілтемір көтереді.

– Сөз емес,– деді түкірігі шашырап,– түкке тұрмайды. Қашанғы көтереді дейсің. Бір күні көтен ішегі үзіледі де, құриды.

Мына сөзді естігенде Имандос тыжырынып теріс айналды.

– Әй, ит-ай, қысастығың қалмады-ау.

– Жанашыры бар адам сөйтеді,– деді сұқ саусағын шошайтып, – оның анасы бар, басқасы бар. Ал, менде түк те жоқ.

– Неге, біз бармыз ғой.

– Сендердің бүйтіп бар болғандарың құрысын. Сендер мені жеп жатсыңдар.

– Жегені несі.

– Мен қалада табанымнан тозып, тірлік жасаймын. Бірде ашпын, бірде тоқпын. Мен қаңғыған ит секілдімін.

– Қой, олай деме, сен өз үйіңде отырсың.

– Жөн айтасыңдар. Мен өз үйімде отырмын. Алайда үйдің қызығын кім көріп жатыр? Сендер көріп жатырсыңдар. Маған ай сайын ең болмаса, бес теңге бермейсіңдер.

– Ей, өйтіп сандалма,– деді осыған дейін тыныш отырған Имандос сөзге араласып,– апаң зейнетақысының жартысын беріп жатқан жоқ па?

–Иә, иә,– деді де сүйретіліп орнынан тұрып, үстел астына қол созды да, сопақ етқізіп тығыны ашылып, аз ғана ішілген ақ арақтың бөтелкесін суырып алды.

– Одан да,– деді езуі созылып, ыржия күліп, – мына арақты іш демейсіңдер ме? Ана кеңшілік танытты.

– Ішкің келсе, іше ғой, қарағым. Әуелі адал ас ішкін, нан жеп дегендей, – деп ана бүгежектеді.

Сықаңның кенезесі кеуіп қалған сыңайлы. Көк бөтелкені басына бірақ көтерді. Бірақ көтерді де, ауа жетпегендей демігіп отырып қалды. Тиегі сәлден соң ағытылып еді:

– Сендер мені ешқашан кінәламаңдар,– деді қолын сермеп,– мен сендердің өйтіп күстәналағандарыңды көтере алмаймын. Мен барып тұрған қу жалғыздың өзімін. Оны сендер өте жақсы білесіңдер. Менде ана бар ма, жоқ, әке бар ма, жоқ, енді кім бар. Мен – жетімхананың перзентімін. Бұзылған қыздар - анам, ішкіш еркектер, көшеде, жол бойында қаңғып қалғандар, олар - менің әкелерім. Менің бәрінен бұрын соларға жаным ашиды. Басқа емес, соларға көмектескім келеді. Әттең, қолымнан келер шара жоқ. Көрінгенмен жыныс қатынасын жасап, төсектес болған қыздарды көрсем есіме анам түседі. Соларға жаным ашиды. Әлгі қыздар өзгеге қайдам, маған нақ анамдай болып көзіме көрінеді. Бұған кім кінәлі, анам ба, жоқ әлде әкем бе, әлде бізді осы қалге жеткізген қоғам ба? Түсінсем бұйырмасын, түсінсем бұйырмасын,– деп енді өз басын өзі тоқпақтап ұзақ жылады. Ағыл да тегіл болып еңіреді. Сыйқымның бүйтіп жылағанын Ажар да, Имандос та бұрын көрмеп еді. Екеуі де үнсіз тұнжырап қарай қалған. Дегенмен екеуі де ләм деп азуын ашпады. Көңіл жұбатар жалқы сөз айтпады. "Адам жылап алса, ішкі шері тарқап, жеңілденіп қалады" деген сөз бар. Байқұс бала сәті түскенде айтарын айтып, көз жасын да аямай төгіп, жылап алсын деген шығар…

Сыйқым сол солқылдап жылап, есіне түскенді сандырақтап айтып жатқан күйі диванның бір шетіне қисайып ұйықтап қалды.

Айтылған күні белгіленген уақытта Уланбатордағы зілтеміршілер арасындағы дәстүрлі халықаралық жарыс та басталған. Әлемнің пәлен елінен келген спортшылар қалың жұрт алдында өз өнерлерін көрсетіп жатты. Үйде екі адам бар еді. Оның бірі – Ажар болғанда, екіншісі – Сыйқым болатын. Ана байқұс екі көзін телеқобдишадан алмай, қу жаны қуырдақ болды. Мүлде мазасы кетті. Уақыттың да қадірін бүгін сезген шығар. Әншейінде түс болып, түс болса кеш бола кететін сынаптай сырғыған уақыт бүгін тегі әлденеге байланып қалғандай. Сағат емес минуттың өзі зорға қозғалып, сағат тілі әрең алға жылжыған. Сонымен ақыры күткен сәт те келіп жеткен. Сыйқым шала мас еді. Әдеттегі әуеніне салып, ананы бір айтып, мынаны бір сөз қып, өз- өзінен сандырақтап отырды. Жарыс дәл басталар сәтте өзінше кино көрмек болып, әлекке түсті.

– Балам, есіңді жина, – деді ана бұл ретте қатқыл үнмен, – есіңе түскенді сандала берме. Мен болсам күнді зорға батырып, Имандостың жарысын зарыға күтіп отырмын. Ал, сенің кино көремін дегенің қай сандырағың. Көрмейсің киноны, айттым бітті, сөз осымен үзілді.

– Сол да ойын ба, – деді Сыйқым шарасыздық танытып,– сол да өнер ме. Әсіресе сіз секілді кемпір адамдарға мүлде жараспайды.

– Біле білсең, ол – менің балам.

– Шынымен бе?

– Шынымен, оған сенің дауың болмасын.

– О, құдірет айына бір келгенде өз үйімнің төрінен кино көруге де ұлықсат етпейді. Демек сен секілділерге жаның ашығанда бекер екен. Енді төтесінен үйді босатыңдар да қалаған жақтарыңа кетіңдер деу ғана қалды. Жандарың аман болса, оны да естірсіңдер.

– Бар бәлсінгенің үйің болса, оны да кезінде көре жатармыз. Ал, қазір үніңді өшір.

Телеқобдишадағы жарыс тіптен қызып жатты. Өз салмағы бойынша жарысқа түскендердің ішінен үнемі алға шығып отырған Имандос енді пәлен келіні артығымен көтеріп жеке дара көзге түсіп еді. Енді оның жалғыз қарсыласы ирандық Мұхаммед Сапар еді. Атпал денелі, апайтөс жігіт өзі міндеттеген салмақтың бәрін көтеріп, үздіктер тобының басына шыққан. Финалдық сында алғашқы болып ирандық шықты да, белгіленген салмақты кеудеден асыра алмады. Кезек Имандостікі еді. Бұл да сол ирандықтың әрекетін қайталаған. Екінші мәурітте ирандық алғашқы көрсетілімді айнытпай қайталаған. Ал Имандос әлгі салмақты тік көтеріп еді. Зал дуылдап, шулап жатты. Ажар байқұс телеқобдишаның ішіне кіріп кетердей болып, алға еміне түсіпті. Ал шала мас Сыйқым жан-жағына зәрін шашып, қағынып жатты.

– Ол енді көтере алмайды, ол құриды. Имандос кәзір өзі көтерген зілтемірдің астында қалады. Алла байқұстың тіршілігін бере көр.

Ирандық пен Имандостың енді соңғы кезегі ғана қалып еді. Ирандық не етті дейсіз ғой. Ол көрермендердің бәріне жағасын ұстатып, өзі көтере алмаған салмақтың үстіне тағы бес келі салмақ қосып, тапсырма берді. Егер ол көтеріп кетсе, Имандос көтерген салмақтан үш келі асып кетер еді. Сәті түскенде көтеріп кетті. Сөйтіп, суырылып алға озған еді. Ирандықтың ішкі қулығын сезген Имандос намысын қамшылап, тәуекел деп тас жұтпақшы болды да өзі көтерген салмақтың үстіне тағы бес келі салмақты еселеді. Біреулер бұл өз күшіне сенді десті, енді біреулер анық қателесті, аяғын шалыс басты деп жорамалдады. Ең жақсысы, оның жүрісінен еш сасқан, абыржыған нышан білінбеді. Өзін-өзі соншалықты салқын, сабырлы ұстады. Сол жүрісінен жаңылмаған қалпы келді де, белгіленген салмақты лік еткізіп, төбеге көтерді. Пәлен келі салмақ Имандостың төбесінде қалықтап тұрды. Имандос дүние чемпионы атанды.

Сыйқым болса, ештеңені көргісі келмей, теріс қарап жатып алыпты. Ал ана жанарынан төгілген мөлдір тамшыларды дамыл-дамыл сүртіп, Жаратушыға шексіз алғысын жаудырды.

Шет елде чемпион атанып, кеудесіне алтын медаль тағып, көңілі орнына түскен Имандос енді тезінен үйіне жетуге асыққан. Үлкен қалаға ұшақпен келді де, одан әрмен такси жалдаған. Түс әлетінде ауылға жанасалап таяп қалған бала үй маңынан қаранда жүрген адамдардың сұлбасын көрген. Алдынан анасы шықты. Шықты да, Имандосты құшағына алды, маңдайынан иіскеп, мауқын басты. Көз жасымен жағаласып жылап та жүрді.

– Апа, бұлар кімдер,– деді үйге кіріп-шығып, әлденені қарап, өзімен-өзі болып жүргендерге қарап,– бұлар неткен жандар өзі?

– Бұлар Сыйқымның адамдары, – деді Ажар, – үй саудалап жүр. Енді түсіндім.

– Сыйқым, – деді қаңғалақтап үйден шығып бара жатқан үй иесін өзіне шақырып,– бері кел, саған айтар сөзім бар.

– Сөзіңнің түкке керегі жоқ. Үй сатылады.

– Мен де сол жайында сөйлеспекпін.

– Қалтасында көк тиыны жоқ, түйенің тісін ашып көріптінің кері болмасын.

– Қазір мен саған түйенің тісін көрсетемін. Одан да мынаны айт, үйіңнің бағасы қанша?

– Оны қайтейін деп едің, жоқ шынымен сатып алғың келіп тұр ма?

– Сенімен бұдан әрмен салғыласқым келмейді. Бағасын айт.

– Үйдің бағасы төрт миллион,– деді үй сатып алғалы келген адам. Біз осы бағаға келіскелі отырмыз.

– Ол арзан, – деді Имандос, – ал мен бұл үйді төрт жарым миллионға алар едім.

– Ендеше сол ақшаны мен де беремін.

– Үй өз-өзінен аукционға түсті,– деп қуанды Сыйқым.

– Бес миллион, – деді Имандос.

– Бес дейсіз бе, – деп оның сөзін қайталады саудаласушы адам, – онда біз әйел мен бала дегендей ақылдасып келелік.

Көп бөгелмеді, сәлден соң үй алушы келді де, өздерінің бұл баспананы сатып алмайтынын хабарлады. Имандос әуелі қара шаңырақтың құжатын қолға алды да, чемпиондық дәрежесі үшін берілген он миллион теңгенің бес миллионын санап берді. Бәрінің көзінше электрондық тәсіл арқылы үйді анасы Ажардың басына аударды. Бір сәт қыры сынып, сыйқы кеткен Сыйқым Имандос берген ақшаны екі қалтасына нықтап салды да, кетуге айналды.

– Балам, келіп тұр,– деді ана өңі албырап, көңілі толқып, – біздің үйдің есігі сен үшін қашан да ашық. Бізді ұмытып кетіп жүрме. Қанша дегенмен қолда өскен күшіксің ғой. Хабарласып тұр. Алған ақша бойыңа дарысын. Біреулерге алданып қалма, жоғалтып та алма, әр теңгені орнымен жұмса. Кетсең, жолың болсын, қайда жүрсең де аман бол.

Ана осыны айтты да, Сыйқымды құшақтап, бетінен сүйді. Осы уақытқа дейін тасырайып, сазбеттеніп жүрген Сыйқым есіне не түскенін кім білсін, ана құшағында еңіреп жылап жібереді.

– Кәзірше табысым осы,– деді Имандос қолында қалған бес миллион теңгені анасына санап беріп жатып,– кейіндеп тағы болып қалар.

– Жарайсың, ұлым,– деді анасы мерейі тасып, – жарады деген осы.

Үш күннен кейін Имандостың чемпиондық марапаты мен қоныс той қатар өтетін болып белгіленді…

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 34 (1297) 04.09.2026 Алатау

ОТАН ҚОРҒАУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Ел тыныштығын күзету – ер азаматқа жүктелген абыройлы міндет. Осы жауапкершілікті арқалаған Жетісудың 20 жас жігіті 2 қыркүйек күні Талдықорған қаласында өткен салтанатты жиында әскери қызметке аттанды. Жас сарбаздарды ата-аналары мен ел ағалары шығарып салып, Отан алдындағы борыштарын адал атқарып, абыроймен оралуына ақ баталарын берді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2026 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

Онда «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Жарлықта төмендегідей тармақтар айқын көрсетілген:

1. Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 2026 жылдың наурыз – маусымында және



қыркүйек – желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қатарынан запасқа шығарылсын.

2. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар 2026 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2 қыркүйек күні кешкі сағат 16.00-де Талдықорған қаласындағы Абылайхан көшесі, 281 мекенжайында орналасқан жиын пунктінде Жетісу облысынан әскер қатарына аттанатын жас жігіттерді шығарып салуға арналған салтанатты жиын өтті.

Бұл күні жиын пунктіндегі сапта 20 жас жігіт тұрды. Кеше ғана ата-анасының ерке ұлы болып жүрген бозбалалар енді Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанғалы тұр. Бірінің жүзінде толқу байқалса, енді бірінің жанарынан жауапкершіліктің салмағы сезіледі. Ал сап сыртында тұрған ата-аналардың көңілінде қуанышпен бірге қимастық та бар.

Жүргізуші салтанатты жиынның ашылғанын жария етті. Мемлекеттік Әнұран орындалды. Әнұран әуенімен бірге жас сарбаздардың бойында әскери міндетке деген жауапкершілік те беки түскендей.

Алғашқы сөз Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Сарсеев Мұрат Түймебекұлына берілді. Ол сапта тұрған жастармен әскери тәртіп бойынша амандасып, олардың «Ура! Ура! Ура!» деген жауынгерлік үнін қабыл алды. Сондай-ақ жас сарбаздарға алдағы әскери қызметтеріне сәттілік тілеп, Отан алдындағы міндеттерін абыроймен атқаруға шақырды.

Келесі кезекте Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша өкілі, полковник Ахметов Дархан Шәймұратұлы сөз алды. Ол биылғы шақыру бойынша жастардың Алакөл



өңіріндегі шекарашылар әскери бөліміне аттанатынын айтты.

– Әскери қызмет – үлкен мектеп. Мұнда азаматтың мінезі қалыптасып, жауапкершілігі артады. Әскери міндеттерін жақсы атқарған жастарға жоғары оқу орындарына түсу кезінде жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен қатар ата-аналар балаларының әскери қызметін бақылап, хабар алып отыруы үшін арнайы чат ашылды, – деді полковник.



Жас сарбаздарға тілегін Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ардагері, запастағы подполковник Дәулетханов Талғат Тұрысбекұлы да жеткізді. Ардагер офицер жастарды құттықтап, әскери қызметті адал атқарып, елге және ата-аналарына аман-есен оралуын тіледі.

– Бүгін сендер үшін жаңа өмірдің бастауы. Әскери қызметте алған тәжірибелерің алдағы өмірлеріңе үлкен сабақ болады. Отан алдындағы борыштарыңды абыроймен атқарып, елге аман-есен оралыңдар, – деген ақ тілегін білдірді ардагер.

Шақырылушылар атынан Баққелді Ернат Ринатұлы сөз сөйлеп, сапта тұрған *қатарластарына жігер берді.*

– Әскери қызмет ету – біздің азаматтық борышымыз. Оны абыроймен өтеу – басты міндетіміз. Құрметті департамент басшылары, ата-аналар! Біз әскери қызметтің қиыншылықтарына төтеп беріп, сенімді Отан қорғаушылары болып, облысымыздың мерейін арттырып, абыроймен ораламыз, – деді ол.

Жас жігіттің бұл сөзі ата-аналардың да көңілінен шықты. Өйткені бүгін олар ұлдарын әскерге ғана емес, азаматтық өмірдің үлкен сынағына шығарып салып тұр.

Салтанатты жиын арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасты. Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармония әншілері мен Талдықорған маңындағы әскери бөлімшелердің өнерпаздары өнер көрсетіп, жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Ән шырқалып, жас сарбаздарға ізгі тілектер айтылғанымен, ата-аналардың жүрегінде бір ғана тілек болды. Ол – баласының амандығы.

Балаларын әскерге шығарып салған ата-аналар да ризашылықтарын білдіріп, тарасты. Сол ата-аналардың бірі Тойбағарова Рәзия Ахметқызымен тілдесіп, әскерге аттанған немересі туралы әңгімесін тыңдадық.

– Рәзия ханым, немереңіздің үйден ұзап, әскери қызметке кетіп бара жатқанына қандай күйдесіз?

– Е, жоқ! Ер азамат болып туғаннан кейін әскери борышын Отан алдында өтеу – оның азаматтық борышы емес пе?! Ата-бабаларымыз соғысқа да барды. Қайта ер азамат әскери істерді меңгеріп, шыңдалып қайтады. Балаңның азамат болып қалыптасқанына қуану керек. Әрине, сағынасың. Бірақ елін қорғауға аттанғанына мақтанасың, – деді Рәзия апа.

«ХАРЕКЕТ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ БІР ОТБАСЫН ҮЙЛІ ЕТТІ

«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАСАҢ, ҚАЙЫРЫН ӨЗІҢ КӨРЕСІҢ» ДЕГЕН ҚАЗАҚ АТАМЫЗ. ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ АСЫЛЫ – ЖОМАРТТЫҚ, КЕҢПЕЙІЛДІЛІК. ЖОМАРТ БОЛУ – ӨЗІҢДЕ БАРДЫ ЗӘРУ АДАММЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН БӨЛІСУ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМЗАТ БОЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БІР ҚАСИЕТ.

Қайырымдылық – ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетінің, адамгершілік қарым-қатынасының, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегінің көрінісі. Қайырымдылық жасау – әр адамның қолынан келетін іс.

Әрбір жасалған істе ізгіліктің бар екенін есте ұстаған абзал. Адамның жасаған игі істерінің бәрі оның ақыл-ойы мен жүрек жылуының көрінісі. Жанында жүрген жандардың қуанышын бөлісіп, қиындығына ортақтаса алсаңыз, қазақ халқына тән ұлттық қасиетіңіз бен көрегендігіңіздің жемісі деп біліңіз. Жүрек жылуын ұсынып, ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсете алу – адамның адамдық белгісінің қасиеті. Қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен акциялар, қайырымдылық қорлары арқылы қол ұшын созатын ізгі жандар қатарының көбейіп келе жатқаны – қуантарлық жағдай. Қайырымдылық жасау мемлекет тарапынан да көп көңіл бөлініп отырған аса игілікті іс болып отыр.

Қайырымдылықты ең алдымен әлсізге, көмекке ең мұқтаж жанға жасау – адамгершіліктің ең жоғары белгісі. Бұл ұстаным көмектің шынайы құндылығын арттырып,



Берік жолдасымен

қоғамдағы әділдікті орнатады. Бұл ойды бірнеше маңызды себеппен түсіндіруге болады:

Шынайы мұқтаждық: өз бетінше күн көре алмайтын, қорғансыз жандар (жетімдер, қарттар, мүмкіндігі шектеулі жандар) үшін сіздің көмегіңіз – жай ғана қолдау емес, өмірлік маңызы бар қажеттілік.

Әділеттілік орнату: көмекті ең алдымен әлсіздерге бағыттау



Харекет қорының 1779 баспанасы Берікке берілген сертификат

қоғамдағы теңсіздікті азайтуға көмектеседі.

Жүрек тазалығы: өзіңізге ешқандай пайдасы тимейтін, жауап қайтара алмайтын әлсіз жанға қарайласу – шынайы қайырымдылықтың белгісі.

Қазақ халқында да «Жетім көрсең, жебей жүр», «Қолыңнан келсе, қорғансызға қарас» деген аталы сөздер осы ұстанымды қолдайды. Қайырымдылық жасауда ең алдымен жақыныңыздағы немесе айналаңыздағы ең әлсіз, мұқтаж жандарға назар аударған жөн.

Мақаламыздың кейіпкері Жакешов Берік Көкенұлы. Бала кезінен қағылез болып өскен ол орта мектепті бітіргеннен кейін Ленин атындағы колхоздың, Талапты колхозының кез келген жұмыстарына араласып келді. Ағайын-туыс, көрші-қолаңдарға көмек қолын созып, ризашылыққа бөленіп жүретін еді. Әсіресе екінің қолынан келе бермейтін терек, қарағаштардың биік басындағы кедергі болып тұрған бұтақтарды аралап, балталап кесіп беру сияқты жұмыстарды жасауға өте епті еді. (Құрдастары оны «маймыл» дейтін.) Ағаш басына, әсіресе биік теректерге өрмелеп шығуда елді таң қалдыратын.

Әр салада әртүрлі жұмыс атқарып жүрген Берік (Бекенай деп те атайтын) осыдан оншақты жыл бұрын ауырып, денсаулығынан айырылып, 2-топтағы мүгедек болып қалды. Бірге туған бауырлары бар, бірақ әркімнің өз тіршілігі бар. Мүмкіндігінше көмек беріп тұрады. Бірақ ұдайы қасында жүре алмайды. Қанша болса да, ел іші емес пе, әркім аздаған болса да көмек жасап келді. Бірақ оның басында жеке баспанасы болған жоқ еді.

Жақын уақытта, дәлірек айтсақ, 28.08.2026 жылы Берікке «Харекет» қайырымдылық қоры көмек қолын созып, Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентінде салынған көпқабатты үйдің 3-қабатынан 2 бөлмелі үй алып берді. Иә, Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде: «Жақсылық жасасаң, әлсізге жаса», – демекші,



Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентіндегі Берікке пәтер берілген көпқабатты үйдің көрінісі

бұл бір оңынан келген іс болды. Ол үшін бүкіл ауылдағы ел-жұрт түгел қануда. Жүзі жайнап, Берік пен жолдасының қуанышында шек жоқ. Осы үйде тұрып жүріп, денсаулығы түзеліп кетуі де мүмкін ғой. Лайым, солай болғай.

Алла қаласа, жақсылығын аямас деген үмітпен ел ағалары, ақсақалдар бата беріп, екі бөлмелі үйді шашуға толтыруда. «Харекет» қайырымдылық қорының мүшесі Айдын мырзаға ел риза. Берік пен жолдасы екеуі енді алаңсыз, уайымсыз күн кешеді. Бұдан өткен қуаныш бар ма? Осы үйде жүріп денсаулығы түзеліп, қатардағы азамат болуына тілектеспіз.

Бетті дайындаған Сембек АБДРАХМАНОВ

Бейсенбі - Четверг, 10 қыркүйек

ХАБАР

05.00 «Ар алдында»
05.45 «Өмір-қазына» Бірлік би ансамблі
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
09.30 Т/х «Ағашки по вызову-2 начало»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 «Өзекті»
14.30 М/с «Белка и Стрелка Озорная семейка»
15.30 «Ловушка»
16.30 Новости
17.00,19.00 «Ақ жеңге»
18.00 Жаңалықтар
18.30 «Әзіл бәйге»
22.00 «Парковщики»
23.30 «Райское место»
00.35 Меняйся к лучшему

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Т/с «Невский, близкий друг»
02.40 Т/с «Хиромант. Линии судеб»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық Т/хсы
08.40 Вечерние новости
09.30 Т/с «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Золотое дно»
16.00 Т/с «Певица»
18.00 Т/с «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Золотое дно»
23.40 Т/с «Агенты справедливости»
01.50 Т/с «Певица»
03.30 Т/с «Марашанец»
05.00 «Закира»
05.45 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/
14.20 Халықтық конституция
14.25 «19 аймақ»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Жетісу әуендері»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Мектеп президенті»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Таза мекен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Президент архиві»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Вкус жизни»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,05.20 «Күліп ал»
08.20 «Математика + музыка= махаббат»
09.00 МультТ/с «Губка Боб»
09.30 МультТ/с «Пингвины Мадагаскара»
09.50 МультТ/с «Черепашка ниндзя»
10.40 Х/ф«Дивергент»
13.50 Х/ф«Пастырь»
15.50 Х/ф«на высоте страха»
18.10 Х/ф«Механик»
21.00 Х/ф«Кровь за кровь»
23.10 Х/ф«Ганг, твои воды замутились»
02.40 «31 әзіл»
03.20 «Time Vine»
03.40 «Тик ток»
04.00 «What's up?»
04.40 «1001 Әзіл»
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әке мен әке»
07.00 Т/х «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40,
16.00,18.30,02.20ТелеТ/с
11.10,00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Ұмай»
15.00 «Шымкент шоу»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 Т/с «Жар птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 «Иффет»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Жұма - Пятница, 11 қыркүйек

ХАБАР

05.00 Т/х «Ар алдында»
05.45 «Отан ана». Қуат Шілдебаевтың шығармашылық кеші
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
09.30 Кино «Парковщики»
11.00, 20.00 Т/х «Алданған тағдыр»
13.00 «ОйнаIQ»
14.00 «Цифровой код»
14.30 М/с «Белка и Стрелка. Озорная семейка»
15.30 Т/с «Ловушка»
16.30 Новости
17.00, 19.00 Т/х «АҚ ЖЕҢГЕ»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Тұсаукесер! «Әзіл бәйге»
22.00 Кино «Воришки»
23.30 «Өзгер». Меняйся к лучшему!

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с «Особенное лето»
07.00 Т/с «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Құрылтай онлайн»
21.00 «Поле чудес»
22.30 Т/с «Загадка на двоих-2. Пропавший пациент»
03.15 Басты жаңалықтар
03.45 «Koremiz-шоу»

КТК

07.05, 20.30, 06.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 05.00 «Закира», отандық т/х
08.40 Вечерние новости
09.30 Т/с «Марашанец»
11.40 Т/с «Агенты справедливости»
13.50 Т/с «Золотое дно»
16.00 Т/с «Певица»
18.00 Т/с «Рамо»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Домработница»
01.50 Т/с «Певица»
03.30 Т/с «Марашанец»
05.45 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Әу» де»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.20 Халықтық конституция
14.30 «Таза мекен»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»
17.00 «Бір шәугім шай»
17.30 «Айтыс»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.35 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Ғалымның хаты»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Бауырластық»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Келін BATTLE»

31 КАНАЛ

06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00, 05.20 «Күліп All»
08.20 «Математика + музыка =махаббат» т/х
09.00 М/с «Губка Боб»
10.10 М/с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М/с «Черепашки-ниндзя»
11.50 «Рожденный стать королем»
14.40 Х/ф «Младенец на 30 млн. долларов»
17.30 «Бременские музыканты»
21.00 Х/ф «Остров фантазий»
23.10 Х/ф «Бобби»
02.40 «31 әзіл»
03.20 «Time Vine»
03.40 «TikTok show»
04.00 «What's up?»
04.40 «1001 әзіл»
04.50 «Bala Battle»

7 КАНАЛ

05.30 Q-ELI. Телехикая
06.00 Т/х «Әке мен әке»
07.00 Т/х «Жетімдер»
09.30, 13.00 Новости
09.40, 16.00, 18.30, 02.10 ТелеТ/с
11.10, 00.20 Т/х «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 Х/ф «Научи меня жить»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Т/с «Жар-птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сенбі - Суббота, 12 қыркүйек

ХАБАР

05.00 «Cover show»
05.45 «Махаббат әлемі» концерті
08.00 Т/х «Ақ жеңге»
11.00, 20.00 Т/х «Алданған тағдыр»
13.00 «Азамат» интеллектуалдық шоуы
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 М/с «Белка и Стрелка. Озорная семейка»
15.30 Т/с «Ловушка»
16.30 «Жекпе-жек айтыс»
18.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
23.00 «КешREC»
00.15 «Өзгер». Меняйся к лучшему!

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qаймақ»
08.15 «Главные новости»
09.20 «Сезім толқыны»
10.40 «Поле чудес»
12.15 «Спросите медсестру-2»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 «Basty Prime»
20.35 «Дождь на исходе лета»
01.50 Х/ф «Городской пейзаж»
04.00 «Qаймақ»

КТК

07.05, 05.40 «Әнім сен едің»
07.50 «Было дело», докдетектив
09.10 Вечерние новости
10.00, 02.40 «Nurbullin», Нұрболат Абдуллиннің ән кеші
12.30 Т/х «Жат ұя»
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
16.45 Т/с «Домработница»
21.00 Т/с «Деревянный гребешок»
01.00 «Было дело»
04.50 «КТК қоржыны»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Жаңа конституция»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.20 Халықтық конституция
14.35 «102» сообщает»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.30 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Ел жақта»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Ауылдан адам көшкенмен...»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Абадан»
18.20 «Тарихнама» / Хандар
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 «Апта»
22.15 Ауа райы
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М/с «Губка Боб»
09.30 М/с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим с Адель»
10.40 Д/ф «Код инфраструктуры»: «LRT и Умный трафик»
11.20, 04.20 «TikTok show»
11.30 Саумал
11.50, 04.00 «Time Vine»
12.00 «Математика + музыка = махаббат» т/х
13.10 Тұсаукесер! «Сен болмасаң» т/х
14.20 Х/ф «Механик»
16.20 Х/ф «Храбрая сердцем»
18.30 Х/ф «Принц Персии: Пески времени»
20.50 Х/ф «Дэдпул-2»
23.20 Х/ф «Кровь за кровь»
01.40 «Rizdin show»
03.30 «31 әзіл»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

05.32 Т/х «Әке мен әке»
06.30 Т/х «Жетімдер»
08.50, 18.00, 01.40 ТелеТ/с
13.00 «Аман бол». Бағдарлама
14.20 Х/ф «Женатый холостяк»
16.30 «Алдараспан». Әзіл-сықақ
20.00 Т/с «Жар-птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 Т/с «Умай»
02.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 Тазалық уақыты
04.50 Жарқыраған жұлдыз

Жексенбі - Воскресенье, 13 қыркүйек

ХАБАР

05.00 «Cover show»
06.00 «Іңкәрім-ай». Роза Бағлановаңы еске алуға арналған концерт-спектаклі
08.00 Т/х «Ақ жеңге»
11.00, 20.00 Т/х «Алданған тағдыр»
13.00 «Өмір өрнегі»
14.00 «Балам үшін» медициналық танымдық
14.30 М/с «Белка и Стрелка. Озорная семейка»
15.30 Т/с «Ловушка»
16.30 Тұсаукесер! «Жұлдызды жекпе-жек»
18.30 «Қызық times»
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
23.00 «Creative Qazaqstan»
23.30 Кино «Құшақташы, мама»
01.00 Подкаст. Azamat LIVE
02.00 «Өзгер». Меняйся к лучшему!

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qаймақ»
08.35 «BastyPrime»
09.30 «Сезім толқыны»
12.15 «Спросите медсестру-2»
17.40 Х/ф «Блокбастер»
20.00 «Аналитика»
20.50 «Дождь на исходе лета»
02.10 «Команды»
03.30 «Qаймақ

КТК

07.05, 03.40 «Дариға жүрек», Бауыржан Есебаевтың ән кеші
08.30, 00.00 «Было дело»
10.30 «Реформа»
11.00 «Алдараспан», әзіл-сықақ театры
12.30 Т/х «Жат ұя»
14.00 Т/с «Однажды в Чукурова»
16.45 Т/с «Деревянный гребешок»
21.00 «Портрет недели»
22.00 Х/ф «Тимучин»
01.40 «Реальная мистика»
06.20 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
08.55 «Азбука Конституции»
09.00 «Апта»
09.45 «Конституция әліппесі»
10.00 «Апта»
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «DARA LINE»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Әсем әуен»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Культура чистоты»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Агро аймақ»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Единый народ»
18.25 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 «Угәгәй melody»
21.45 «Жаңа конституция»
22.00 «Әсем әуен»
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Fake You»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 03.20 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М/с «Губка Боб»
08.50 М/с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30 «Дала шәлі» Д/ф
11.10, 03.50 «TikTok show»
11.20 Саумал
11.40 «Күліп All»
12.00 «Математика + музыка = махаббат» т/х
13.10 Тұсаукесер! «Сен болмасаң» т/х
14.20 Х/ф «Храбрая сердцем»
16.20 «Принц Персии: Пески времени»
18.50 Х/ф «Дэдпул-2»
21.20 Х/ф «Царство небесное»
00.20 Х/ф «Семейное счастье»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «Bala Battle»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.32 Т/х «Әке мен әке»
06.30 Т/х «Жетімдер»
08.50, 18.00, 01.40 ТелеТ/с
13.00 «Аман бол». Бағдарлама
14.20 «Шаншар». Әзіл-сықақ
15.50 Х/ф «Женатый холостяк»
20.00 Т/с «Жар-птицы»
22.10 Т/с «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 Т/с «Умай»
02.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 Тазалық уақыты
04.50 Жарқыраған жұлдыз

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 34 (1297) 04.09.2026 Алатау

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ



29 ТАМЫЗДА СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ ТОЛДЫ. 1991 ЖЫЛЫ ДӘЛ СОЛ КҮНІ ПОЛИГОНДЫ ЖАБУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ.

Бұл Қазақстан тарихындағы ғана емес, әлемдік ядролық қарусыздану қозғалысындағы маңызды бетбұрыс болды.

Семей полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық сынақтар қазақ даласына орасан зор экологиялық және гуманитарлық зардап әкелді. Қазақстанның мемлекеттік органдарының бағалауынша, радиациялық әсерге 1,3 миллионнан астам адам ұшыраған.

40 ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ

Семей ядролық полигонының тарихы 1949 жылғы 29 тамызда басталды. Сол күні Кеңес Одағы Қазақстан даласында өзінің алғашқы атом бомбасын сынақтан өткізді.

Кейінгі ондаған жыл бойы полигон КСРО-ның ядролық қару бағдарламасының негізгі нысандарының біріне айналды. Ресми деректерге сәйкес, 40 жылға жуық уақыт ішінде мұнда 456 ядролық сынақ жасалды. Оның ішінде әуеде, жер үстінде және жер астында өткізілген жарылыстар болды.

Әсіресе алғашқы жылдардағы атмосфералық сынақтардың салдары ауыр болды. Радиоактивті заттар қоршаған ортаға тарап, полигонға жақын орналасқан елді мекендердегі халықтың денсаулығына ұзақ мерзімді әсер етті.

Қазақстанның ресми деректерінде 1949-1963 жылдары Семей полигонында сыналған ядролық зарядтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе жоғары болғаны айтылады.

Полигон аумағында соңғы ядролық жарылыс 1989 жылғы 19 қазанда жасалды.

«НЕВАДА–СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ХАЛЫҚ ҮНІН ЖЕТКІЗДІ

Ядролық сынақтарға қарсы қоғамдық қарсылық 1980 жылдардың соңында күшейді. 1989 жылы ақын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің бастамасымен «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы құрылды.

Қозғалыс Семей полигонын жабуды және ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етті. Оның жұмысына Қазақстанның әр өңірінен мыңдаған адам қатысты.

Халықтың қарсылығы мен қоғамдық қысым полигонның жабылуына алып келген маңызды факторлардың біріне айналды.

1991 ЖЫЛҒЫ ТАРИХИ ШЕШІМ

1991 жылғы 29 тамызда Қазақ КСР президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды.

Бұл шешім Кеңес Одағы әлі өмір сүріп тұрған кезеңде қабылданды және әлемдік тарихтағы аса маңызды қадамдардың бірі болды. Қазақстан осылайша ядролық сынақ полигонын өз еркімен жапқан алғашқы мемлекеттердің біріне айналды.

Полигонның жабылуы кейін Қазақстанның ядролық қарусыздану саясатының негізін қалады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық арсеналдан да өз еркімен бас тартты. Ел ядролық қаруды таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді қабылдап, ядролық қарусыз мемлекет ретінде қалыптасты.

Семей ядролық сынақ полигоны – өзінің қиратушы күші бойынша әлемдегі төртінші ядролық әлеует – 1947 жылғы тамызда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен құрылды, ол кезде ол "№2 оқу полигоны" деген шартты атауға ие болды.

Бұл алаңдағы ядролық қарудың алғашқы сынағы 1949 жылдың 29 тамызында өткізілді.

Жалпы, Семей ядролық сынақ полигонының 40 жылдық қызметі нәтижесінде адамдардың денсаулығына келтірілген залал орасан зор. Бұрынғы Семей облысының барлық аумағы ядролық жарылыстар өнімдерімен ластануға ұшырады, ал 1,2 миллион адам әртүрлі доза ауқымында радиациялық сәуле алды.

1989 жылғы 12 ақпанда кезекті сынақтан кейін радиоактивті газдар жер бетіне шығарылды. 2 күннен кейін сынақ эпицентрінен 110 шақырым жерде радиациялық фон сағатына 4 000 микрорентгенді құрады.

Бұл оқиға Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Олжас Сүлейменов басқарған антиядролық қозғалыстың республикадағы құрылуына түрткі болды. 1989 жылғы 26 ақпанда тікелей эфирде өткен теледидарлық баяндамада ол Қазақстандағы ядролық сынақтарды тоқтату қажеттілігі туралы мәлімдеме жасады.

1989 жылдың 28 ақпанында Алматыдағы Жазушылар одағы ғимаратының алдында өткен митингте "Невада-Семей" антиядролық қозғалысын (кейін – "Невада– Семей") құру туралы шешім қабылданды. Ол 1989 жылдың сәуірінде ресми түрде тіркелді.

Қозғалыстың бастамасы бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесі АҚШ Конгресіне парламенттік деңгейде сынақтарды тоқтату туралы диалогты бастауға шақырды. Қозғалыс көптеген наразылықтар, митингілер, бейбітшілік сабақтарын ұйымдастырды.

Мәселен, 1989 жылғы 4 қазанда қуаты 60 килотон ядролық заряд полигонында жарылыс болғаннан кейін Мәскеудегі Қорғаныс министрлігі ғимаратының жанында митинг өтті. Қазан айында антиядролық қозғалысқа Қарағанды шахтерлері қолдау көрсетті.

1989 жылғы 19 қазанда Семей полигоны аумағында қуаты 75 килотонн болатын жарылыс болды. Оның салдарынан Мәскеу, Алматы, Қарағанды, Павлодар, Семей қалаларында, Абай ауданының Қарауыл ауылында полигонды жабу туралы талап қойылған көптеген митингілер болды.

1989 жылғы 23 қазанда Олжас Сүлейменов Жоғарғы Кеңестің сессиясында сөйлеген сөзінде Үкімет жарылыстардың саны мен қуатын қысқарту туралы уәдесін ұстанбағанын негізге ала отырып, Қазақстанда кез келген кейінгі сынақ жалпы ереуіл тудыратын кезде халық мораторийі туралы мәлімдеді.

Сол жылдың қазан айының соңында КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Олжас Сүлейменов пен академик Андрей Сахаров КСРО тарапынан ядролық жарылыстарға біржақты мерзімсіз мораторий жариялау туралы ұсыныс жасады.

1989 жылғы 14 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ядролық полигонды жабуды талап ете отырып, сынақтардың зиянды салдарлары мен халықтың денсаулығына әсері туралы қарар қабылдады және Жоғарғы Кеңес пен Кеңес Одағының Үкіметіне үндеу жасады.

1989 жылғы 27 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы қабылданып, ел Үкіметіне Семей полигонын жабу туралы мәселені қарау тапсырылды.

1990 жылдың көктемінде "Невада – Семей" қозғалысының бастамасымен АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия және Қазақстанда "бейбітшілік толқыны" ұранымен бірлескен акциялар өтті. 1990 жылдың 3-4 сәуірінде "Экология – Адам- табиғат" ғылыми конференциясына антиядролық қозғалыстың көрнекті ғалымдары мен белсенділері қатысты.

1990 жылғы 22 мамырда Республиканың Жоғарғы Кеңесі Семей полигонын жабу туралы қаулы қабылдады.

23-27 мамырда Алматыда антиядролық қозғалыс "Ядролық қаруға тыйым салу үшін дәрігерлер қозғалысымен" бірлесіп "Ядролық қаруға қарсы әлем сайлаушылары" халықаралық конгресін өткізді.

1990 жылдың қыркүйегінде Қазақстан аумағы арқылы "Зорлық-зомбылықсыз бейбітшілік үшін. Невададағы ядролық сынақтарды тоқтатуға шақырған кеңестік және американдық өкілдердің қатысуымен "Жердің тірі қалуы үшін". маршы өтті.

Сондай-ақ, ядролық сынақтарды мемлекеттік деңгейде тоқтату бойынша маңызды қадамдар жасалды.

1991 жылғы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев "Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы" Жарлыққа қол қойды.

2012 жылы Нұрсұлтан Назарбаев елордадағы ірі халықаралық парламенттік конференцияда сөз сөйлеп, ядролық қару сынақтарын түпкілікті тоқтатуды және, сайып келгенде, ядролық қарудан арылуды жаһандық қолдау мақсатында АТОМ жобасын іске асырудың басталғаны туралы жариялады.

ҚАСІРЕТТІҢ САЛДАРЫ ӘЛІ ДЕ СЕЗІЛЕДІ

Полигон жабылғанымен, оның зардабы бір күнде жойыла қойған жоқ. Радиациялық ластану, халық денсаулығына келген зиян және полигон аумағының қауіпсіздігі мәселелері ондаған жыл бойы күн тәртібінде тұрды.



Мемлекеттік органдардың мәліметіне сәйкес, ядролық сынақтардың салдарынан 1,3 миллионнан астам адам радиациялық әсерге ұшыраған.

Сынақтардың зардабы халықтың денсаулығына ғана емес, қоршаған ортаға да әсер етті. Полигон аумағында радиоэкологиялық зерттеулер жүргізіліп, қауіпті учаскелер анықталып, бұрынғы әскери инфрақұрылымды жою және аумақты қауіпсіздендіру жұмыстары атқарылды.

Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығы ондаған жыл бойы бұрынғы полигон аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ғылыми және техникалық жұмыстар жүргізіп келеді.

29 ТАМЫЗ – ӘЛЕМДІК АНТИЯДРОЛЫҚ КҮН

Семей полигонының жабылуы Қазақстанның шекарасында ғана қалған тарихи оқиға емес. 2009 жылы Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні деп жариялады. Бұл күн алғаш рет 2010 жылы аталып өтті.

БҰҰ бұл күннің негізгі мақсаты ретінде ядролық сынақтардың салдары туралы қоғамның хабардарлығын арттыру және ядролық сынақтарды тоқтатудың маңызын түсіндіруді атап көрсетеді.

Осылайша Семей даласында басталған қасіретті тарих әлемдік деңгейдегі бейбітшілік пен ядролық қарусыздану мәселесіне айналды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ САЯСАТТАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Семей полигонының жабылғанына 35 жыл толған тұста Қазақстан ядролық мұраның салдарын жоюмен қатар, атом саласындағы ғылыми әлеуетін де дамытуға басымдық беріп отыр.

2026 жылы өткен ғылыми жиындарда мамандар Қазақстанның полигон салдарын еңсеруден бастап, өзіндік ғылыми құзыреттерін қалыптастыруға және ядролық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа дейінгі жолын атап өтті.

Бұл жерде маңызды тарихи сабақ бар: ядролық технологияны бейбіт мақсатта пайдалану мен ядролық қарудан бас тарту – бір-біріне қайшы ұғымдар емес. Қазақстан өзінің ядролық қарудан бас тарту тәжірибесін сақтай отырып, атом энергетикасы мен ядролық ғылымды бейбіт бағытта дамыту мәселесін қарастырып келеді.

Семей полигонының тарихы – ондаған жылға созылған ядролық жарылыстың адам өмірі мен табиғатқа қандай бағаға түсетінін көрсететін ауыр мысал.

456 ядролық сынақ, миллионнан астам адамның радиациялық әсерге ұшырауы және бірнеше ұрпаққа жеткен зардаптар – бұл тарихты ұмытпау қажеттігін көрсетеді.

Ал 1991 жылғы 29 тамыздағы шешім Қазақстанның әлемге айтқан маңызды үндеуіне айналды: ядролық қауіпсіздік қарудың көптігімен емес, оны жоюға деген саяси ерік-жігермен қамтамасыз етіледі.

Семей полигоны жабылғанына 35 жыл толса да, оның тарихы әлі де өзекті. Себебі ядролық сынақтардың салдары өткеннің еншісінде қалғанымен, ядролық қару қаупі адамзат алдында тұрған мәселелердің бірі болып қала береді.

ТОҚАЕВ: ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫ ҰСТАНЫМЫМЫЗ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа ядролық сынақтарға жол бермеуге және ядролық қаруды қолдану қаупін жоюға шақырды. Мемлекет басшысы Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орай жасаған үндеуінде Қазақстанның әлемдік ядролық қаруға қарсы қозғалыстың жетекші елдерінің бірі ретіндегі ұстанымы өзгермейтінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан 35 жыл бұрын ондаған жыл бойы адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор зиян келтірген Семей ядролық полигонының жабылғанын еске салды.

Мемлекет басшысы Қазақстан әлемдегі көлемі жағынан төртінші орында тұрған ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақты даму жолын таңдағанын атап өтті.

orda.kz, qarqaragazeti.kz

БІЛІМ

AI SANA: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ МЕҢГЕРУ ТӘЖІРИБЕДЕН БАСТАЛАДЫ

Бүгінде жасанды интеллектті меңгеру болашақ маманның цифрлық сауаттылығының маңызды бөлігіне айналып келеді. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы жоғары білім беру жүйесіне де өз талаптарын қойып отыр. Студент тек өз мамандығын жақсы меңгеріп қана қоймай, заманауи цифрлық құралдарды орынды пайдалана білуі, ақпаратты талдауы, жаңа идея ұсынуы және технологиялық өзгерістерге бейім болуы қажет. Осы бағытта І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде AI SANA жобасы аясындағы жұмыстар жалғасуда.

Қазіргі таңда Дене шынықтыру және өнер факультетінің 3-курс студенттері де аталған бағыттағы жұмыстарға белсенді қатысуда. Студенттер үшін жасанды интеллект технологияларымен танысу тек теориялық білім алумен шектелмейді. Негізгі назар оны оқу барысында, шығармашылық тапсырмаларда, ақпарат іздеуде және жобалық жұмыстарды орындауда тиімді қолдануға аударылып отыр.

3-курс студенттерімен жүргізілетін жұмыстарда жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін түсіндірумен қатар, оларды дұрыс әрі жауапкершілікпен пайдалану мәселесі қарастырылады. Студенттер мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу, қажетті мәліметтерді жүйелеу, идеяларды дамыту, оқу материалдарын дайындау, шығармашылық тапсырмалардың бірнеше нұсқасын қарастыру сияқты жұмыстарда жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануды үйренуде.

Әсіресе өнер бағытында білім алып жатқан студенттер үшін жасанды интеллект жаңа шығармашылық ізденістерге жол ашады. Графикалық және көркемдік жұмыстарды жоспарлау, композициялық шешімдерді іздеу, визуалды идеяларды қалыптастыру, эскиздің түрлі нұсқаларын салыстыру кезінде цифрлық технологияларды қосымша құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік бар. Мұнда басты назар дайын нәтижені алуға емес, студенттің өз идеясын жетілдіруіне, ізденуіне және шығармашылық шешім қабылдауына беріледі.

Жасанды интеллектпен жұмыс жасауда сұраныста дұрыс құрастыра білу де маңызды. Студент бір тапсырма бойынша әртүрлі сұраныс беріп, алынған нәтижелерді салыстыру арқылы технологияның мүмкіндігі мен шектеулерін түсіне бастайды. Нәтижесінде ол дайын ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдайтын, сұрыптайтын және өз мақсатына қарай өзгерте алатын пайдаланушы ретінде қалыптасады.

AI SANA жобасы аясындағы жұмыстарда ақпараттың дұрыстығын тексеруге де ерекше мән беріледі. Себебі жасанды интеллект ұсынған кез келген мәліметті дайын ғылыми немесе оқу ақпараты ретінде қабылдау дұрыс емес. Студент пайдаланылған дереккөздерді анықтап, бірнеше ақпарат көзін салыстырып, алынған мәліметке сыни көзқараспен қарауы керек. Бұл академиялық адалдық мәдениетін қалыптастырумен тікелей байланысты.

Сонымен бірге жасанды интеллект құралдарын пайдалану оқытушы мен студент арасындағы жұмыстың мазмұнын да өзгертіп келеді. Оқытушының міндеті тек жаңа бағдарламалардың жұмыс істеу тәртібін көрсету емес, студентті сол құралдарды қандай мақсатта және қалай қолдану керектігіне бағыттау болып табылады. Сондықтан практикалық жұмыстар кезінде студенттің өз бетінше ойлануына, таңдаған шешімін түсіндіруіне және алынған нәтижені бағалауына басымдық беріледі.

3-курс студенттерінің AI технологияларымен жұмыс істеуі олардың болашақ кәсіби қызметіне де қажетті тәжірибе қалыптастырады. Бүгінгі студент ертең мектепте, шығармашылық ортада немесе басқа кәсіби салада қызмет атқарады. Сондықтан жоғары оқу орнында алған цифрлық дағдыларын болашақ жұмысында сауатты пайдалана білуі маңызды. Әсіресе педагогикалық бағыттағы мамандар үшін жаңа технологияларды оқу үдерісіне орынды енгізу, білім алушының шығармашылық белсенділігін қолдау және цифрлық ортада қауіпсіз жұмыс істеу мәселелері өзекті болып отыр.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар студенттердің жасанды интеллектке қызығушылық танытатынын да көрсетеді. Олар жаңа құралдардың мүмкіндіктерін тәжірибе арқылы байқап, әртүрлі тапсырмаларда қолдануға талпынады. Дегенмен технологияны меңгеру бір реттік жұмыс емес. Ол тұрақты ізденуді, тәжірибені және жаңа құралдардың даму ерекшеліктерін бақылап отыруды талап етеді.

Алдағы уақытта AI SANA аясындағы жұмыстарды студенттердің кәсіби және шығармашылық даярлығымен одан әрі байланыстыру көзделеді. Практикалық тапсырмалар, шағын жобалар, шығармашылық жұмыстар мен зерттеу элементтері арқылы студенттердің жасанды интеллект құралдарын саналы қолдану тәжірибесін кеңейту маңызды. Мұндай жұмыстар жастардың жаңа технологияны тек пайдаланушы деңгейінде емес, өз идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Бүгінгі білім алушы үшін жасанды интеллектті білу жеткіліксіз. Оны қай кезде қолдануға болатынын, қандай жағдайда оның жауабына күмәнмен қарау керектігін және алынған нәтижені қалай жетілдіру қажеттігін түсіну әлдеқайда маңызды. Сондықтан AI SANA аясында атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі мәні де осында – студентті технологияға тәуелді ету емес, оны жаңа мүмкіндіктерді саналы пайдалана алатын маман ретінде даярлау.

Дене шынықтыру және өнер факультетінің 3-курс студенттерімен басталған бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу, шығармашылық және жобалық қызметпен байланыстыру арқылы білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, жаңа идеяларға қызығушылығын қолдау және кәсіби ортадағы өзгерістерге бейімдеу – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Жаңа технология күн сайын өзгеріп келеді. Ал сол өзгеріске дайын маман қалыптастыру бүгіннен басталады. AI SANA жобасының аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар студенттердің жасанды интеллектті түсініп қана қоймай, оны өз білімі мен шығармашылық әлеуетін дамытуға қызмет ететін құрал ретінде меңгеруіне мүмкіндік береді.

А. АБДЕН,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Дене шынықтыру және өнер факультетінің оқытушы-ассистенті

АҚСУ АУДАНЫ

МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛМАҚ

Ақсу ауданында мал ұрлығының алдын алуға және тұрғындардың мүлкін қорғауға бағытталған «Мал ұрлығына тосқауыл» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Бастама аудан прокуратурасының үйлестіруімен қолға алынған.



Жоба аясында құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп, мал сою орындары мен мал өнімдерінің заңды айналымына бақылауды күшейтті. Сондай-ақ автожолдарда мал тасымалдау талаптарының сақталуын тексеруге бағытталған рейдтер ұйымдастырылуда.

Мал қауіпсіздігін қамтамасыз етуде заманауи тәсілдер де назарда. Жайылымдардағы малды бақылау үшін дрондарды пайдалану ұсынылса, түнгі уақытта жолға шығып кететін жылқылардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жануарларға жарық қайтаратын арнайы ленталар тағу бастамасы көтерілді.

Жоба аясындағы шаралар аудан аумағында мал ұрлығының жолын кесіп, мал иелерінің жауапкершілігін арттыруға және елді мекендердегі қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған.

«ЕҢБЕК ОТБАСЫ»

Ақсу ауданының атынан облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысқан Шанкетовтар отбасы «Еңбек отбасы» номинациясының жеңімпазы атанды.



Отбасы үшін бұл – үлкен қуаныш әрі мәндай термен атқарған еңбектің еленгенін білдіретін мерейлі сәт. Байқау барысында Шанкетовтар отбасының береке-бірлігі, еңбекке деген құрметі және отбасылық құндылықтарды ұлықтаудағы өнегелі жолы жоғары бағаланды.

«Мерейлі отбасы» байқауы – шаңырақтағы татулық пен сыйластықты, ата-ана өнегесі мен ұрпақ тәрбиесін насихаттап қана қоймай, елге үлгі болып жүрген отбасыларды көпшілікке танытатын маңызды жоба. Осы ретте Шанкетовтар отбасының жеңісі – Ақсу ауданы үшін де үлкен мәртебе.

Адал еңбекті өмірлік ұстаным еткен отбасы мүшелері кейінгі буынға да жақсы үлгі көрсетіп келеді. Олардың бұл жетістігі еңбектің еленіп, отбасы құндылықтарының қашанда биік тұратынын аңғартады.

Шанкетовтар отбасын лайықты жеңісімен құттықтаймыз! Шаңырақтарыңыздан шаттық кетпей, ынтымақтарыңыз арта берсін. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге береке, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС

Жансүгіров ауылында тұрғындардың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған «Құқықтық дәріхана» акциясы өтті. Орталық алаңда ұйымдастырылған шара барысында ауыл тұрғындары өздерін толғандырған құқықтық мәселелер бойынша мамандардан кеңес алды.



Акцияға аудан прокуратурасының прокуроры Әлішер Әкім, Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Салтанат Сарсенбаева және аудандық мекемелер мен бөлімдердің басшылары қатысты.

Кездесу кезінде тұрғындарға заң талаптарын сақтау, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, құқықтық қорғау жолдары және мемлекеттік органдарға өтініш беру тәртібі түсіндірілді. Сонымен қатар көпшіліктің жеке мәселелері тыңдалып, нақты жағдайларға байланысты құқықтық кеңестер берілді.

Мұндай шаралардың басты мақсаты – тұрғындардың заң саласындағы білімін арттырып, өз құқықтарын дұрыс пайдалануына мүмкіндік жасау. Мамандардың тікелей кеңесін алу азаматтарға мәселенің шешу жолын нақты түсінуге де септігін тигізеді.

Құқықтық сауат – күнделікті өмірде қажет дағды. Өз құқығын білетін азамат заң талаптарын да дұрыс түсініп, қажет жағдайда оны қорғаудың тиімді жолын таба алады.

ҚАЗЫНА

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШКЕН ЖӨН

Қазақ тілі – «еліміздің мемлекеттік тілі» екендігі Конституцияда заңдастырылған. Осының өзі Мемлекеттік тілімізді мейлінше кемелдендіруге, тіліміздің мәртебесін ту етіп көтеруге қосылып отырған өлшеусіз үлес екені даусыз.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа көп тілді білуге ұмтылу мақсаты қойылып келеді. Мұны қазіргі өскелең заманның талабы қажет етіп отыр. Өйткені, еліміздің болашағы сеніп тапсырылатын жастарымыз білікті де білімді болатын болса, мемлекетіміздің қарышты қадаммен дамып, әлемдегі өркениетті елдердің қатарынан орнын ойып алары даусыз. Әйтпесе, көптілділік жағдайында да оның негізгі тұғыры қазақ тілі болуға тиісті екені баршаға аян. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әлем халықтарының жақсы қасиеттерін бойға сіңіріп, озық үрдістерін үйрену үшін тіл білу қажет. Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған еліңнің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін білуі керек», деп атап көрсеткен еді.

Сондықтан, алдымен ана тілімізге айрықша мән беру әркімнің абзал борышы болуы керек қой. Қазақ тілімен қоса басқа тілдерді де қатар алып жүрген жандар көп қой. Осы тұрғыда баланы бесіктен тәрбиелеу қажет. Өйткені, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала отбасында қандай жағдайда өссе сондай тағлым алады ғой. Өзімізге оңай болған соң, орысша сөйлей салуды дағдыға айналдырғандықтан, күнделікті өсіп жетіліп келе жатқан бала да өзінің санасына күндегі естіп жүрген сөздерді сіңіріп, жадында жаттайды. Сосын, тілі шығып, былдырлай бастағанда алғашқы сөздері «Иди», «Дай»-дан басталып жататынын көріп те, естіп те жүрміз.

Ойымызды тұжырымдайтын болсақ, ана тілін білу әркімнің парызы десек, өзге ұлт өкілдері меңгеріп жатқанда өз тіліңді білмегенің ұят екені аян. Демек, тілді қорғау әрі дамыту ең алдымен өзімізден бастау алынып, мемлекеттік деңгейде іске асырылуы қажет. Мемлекеттік тілдің қолдану деңгейін одан әрі жетілдіріп, оны сот саласында қолдану аясын кеңейте түсуге ерекше мән беріп, тіл тазалығына қамқорлық таныту сот саласы қызметкерлерінің басты борышына айналуы тиіс.

Әрине, бүгінгі күні тілді таңдау, әр азаматтың конституциялық құқығы болғандықтан, сот істерінің мемлекеттік тілде жүргізілуі арыздардың сотқа қай тілде берілуіне байланысты. Көп жағдайда талап қоюшылар арыздарын орыс тілінде береді. Арызданушылар сотқа мемлекеттік тілде жүгінген болса, сондай-ақ уәкілетті органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, сот органдары сот отырысын мемлекеттік тілде жүргізеді. Сондықтан, азаматтар өз құқықтарын пайдаланып, арыздарын өздері меңгерген тілде жазып беретін болса мемлекеттік тілде қаралатын істер саны да анағұрлым арта түсер еді. Оған ешкім кедергі келтірмейді. Ендеше, құрғақ сөзбен қайталай бергенше нақты іске көшетін де кез көшудің жолын ойластыру қажет. Сонда ғана істің ілгері басары даусыз.

Ернар ҚҰРМАНҒАЛИ,
Талдықорған қалалық соты әкімшісі басшысының орынбасары

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

БИЛІКТІҢ БІРДЕН-БІР ҚАЙНАР КӨЗІ - ХАЛЫҚ

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда жаңа Конституция ресми түрде күшіне енді. Ол 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда қабылданды. Сонымен бірге 1995 жылғы Конституцияның күші жойылды. Негізгі өзгерістердің бірі — екі палаталы парламенттен бас тарту болды. Енді Сенат пен Мәжілістің орнына Қазақстанда 145 депутаттан тұратын бір палаталы Құрылтай жұмыс істейді. Конституция вице-президент лауазымын қайтарады. Ол мемлекет басшысының мұрагерлік кезегінде бірінші болады және президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өз функцияларын орындау мүмкін болмаған жағдайда оның міндетін атқарады.

Ата заң преамбула (мемлекеттің басты құндылықтары мен мақсаттарын айқындайтын кіріспе), 11 бөлім мен 95 баптан тұрады. Мұнда 77 бап жаңарып, 4 бөлімнің атауы өзгерді. «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізілді. Конституция жобасының алғашқы баптары өзгеріссіз қалды. Онда Қазақстанның демократиялық, зайырлы және унитарлы мемлекет екені айтылған. Оған қоса биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық екені тағы да нақтыланған. Ешкімнің мемлекеттік билікті өз бетінше иеленуіне жол берілмейді және мұндай әрекет үшін жауапкершілік қарастырылған. Ал халықтың атынан сөйлеу құқығы президент пен құрылтайға беріледі. Конституция жобасында жаңа заңдардың қалай қолданылатыны нақты көрсетілген. Егер заң азаматтарға жаңа міндеттер жүктесе немесе олардың құқық жағдайын нашарлатса, ол кері күшке ие болмайды, яки заң күшіне енгенге дейін болған оқиғаларға қолданылмайды. Егер заң жауапкершілікті күшейтсе, оның да кері күші болмайды. Ал заң бұрынғы құқық бұзушылық үшін жазаны жеңілдетсе немесе мүлде алып тастаса, онда азаматтарға жаңа, жеңілдеу заң қолданылады. Қазіргі қолданыстағы Конституция бойынша қаржы саласындағы арнайы құқықтық режимді тек Астана қаласында қолдануға болады.

Қолданыстағы Конституцияда әр азаматтың жеке бас бостандығына құқығы, ұсталған жағдайда адвокаттың көмегіне жүгіну мүмкіндігі, заң мен сот алдында теңдігі және кемсітушілікке жол берілмейтіні жазылған. Сонымен қатар адамды тек соттың шешімімен қамауға алуға болады, ал өлім жазасына тыйым салынған.

Жаңа Конституцияға сәйкес барлық деңгейдегі соттардың судьяларын президент Жоғары сот кеңесінің ұсынымы бойынша тағайындайды. Бас прокурордың өкілеттік мерзімі бес жылдан алты жылға дейін ұзартылады.

Осылайша, 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мемлекеттілікті одан әрі нығайтуға, демократиялық институттарды дамытуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған стратегиялық құқықтық құжат болып табылады. Оның қабылдануы елдің конституциялық дамуының маңызды кезеңіне айналып, Қазақстанның саяси-құқықтық жаңғыруының жаңа бағытын айқындады.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,
Текелі қалалық сотының судьясы

АЛҚАБИЛЕР

АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

Мемлекетіміздің сот жүйесін жетілдіру жолында тұрақты түрде пәрменді шаралар атқарылу үстінде. Соның арқасында халықтың сотқа деген сенімі де арта түсуде. Ең бастысы соттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі қазіргі кезде оңды шешімін тауып келеді.

Бұл тұрғыда алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерінің де қатары көбейе түсенін айта кету керек. Атап айтқанда, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында «Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өткен болатын. Президенттің осы бастамасын жүзеге асыру мақсатында Жоғарғы Сотта пәрменді шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда. Соның арқасында, алқабилер қатысуларымен қаралатын істердің саны жылдан жылға арта түсуде.

Қазіргі таңда қабылданған заңдарға сәйкес, алқабилердің қатысуымен қаралатын істер, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында өткізіледі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне алқабилердің қатысуымен іс жүргізу өндірісі бойынша жалпы ережелерді, сот мәжілісін тағайындаудың ерекшеліктерін, сот талқылауына қатысу үшін алқабилерге кандидаттарды іріктеу рәсімін, істі алқабилердің қатысуымен талқылау ерекшеліктерін реттейтін толық бір бөлім енгізілді.

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақыртылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы, санасы заң қағидаттарының ықпалынан тәуелсіз, қылмыс жасаған адамның кінәлілігі немесе кінәлі еместігі туралы шешім қабылдаған кезде тек ар-ұятты, әділдікті және өзінің сенімін басшылыққа алатын алқа құрамына қылмыстық істер жүргізу заңының талабына сай іріктеліп алынған адам.

Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, алқабилер сотының қандай артықшылықтары мен ерекшеліктері бар екенін түсіндірсек, алқабилер соты институты Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде оның қоғамдық мәртебесін нығайту, халықтың биліктің тәуелсіз тармағы ретінде соттарға сенімін нығайту үшін қажет. Алқаби дегеніміз – санасы заң қағидаттарының ықпалынан тәуелсіз, қылмыс жасаған адамның кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы шешім қабылдаған кезде тек ар-ұятты, әділдікті және өзінің сенімін басшылыққа алатын заң талабы аясында іріктеліп алынған адам. Алқаби болу – әрбір азамат үшін құрметті міндет. Алқаби сот төрелігін жүзеге асыру кезінде белгілі процессуалдық тұлғаға айналады.

Дереккөздерге сүйенетін болсақ алқабилер соты Қылмыстық процестік кодексінің негізгі қағидаттарын жарыспалылық пен тараптардың теңдігін, кінәсіздік призумциясын және басқа да, қағидаттарды бекітуде маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр.

Айнұр ЕСТАЙ,
Алматы облысы Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ТЫҢ ТӘСІЛДЕР

Сот жүйесін цифрландыру бағытындағы реформаларының мәні тәуелсіз сот төрелігіне сенім арттыру мен сот жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңдылықты қатаң сақтауға және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған. Еліміздегі сот төрелігін атқаруды барынша жақсартып, жетілдіре түсу мақсатында тұрақты түрде жүргізіліп жатқан елеулі өзгерістердің арқасында сот жүйесіне заманауи технология кеңінен енгізіліп, тиімді қолданудың нәтижесінде азаматтардың сот төрелігіне қолжетімдігі барынша жеңілдеді және соттың ашықтығы мен жариялылығы артып, халықтың сотқа деген сенімі нығая түскені даусыз.

ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІ АРТА ТҮСУДЕ

Сот төрелігі бүгінде мүмкіндігінше ашық, жария түрде жүзеге асырылуда. Бұл бағытта жасалынып отырған үлкен қадам, ол сот отырыстарын дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы жүргізу. Мұндай амал, сот отырысының хаттамасына қандай-да бір өзгертулер еңгізуге мүмкіндік бермейді. Бұл, сондай-ақ судьяларды және сот отырысына қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы - соттағы істердің қаралу жағынан уақытты үнемдейді.

Бұған қоса, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу жұмыстары айрықша орын алады.Сот процестерін бейне және таспаға жазудың тиімділігі мен маңыздылығы сот төрелігін іске асыру барысында ешқандай бұрмалаушылықсыз, бейтараптылықпен жүргізілуін қамтамасыз етеді. Бұл сот ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, халықтың сот төрегіліне деген сенімін арттырып отыр. Сонымен қатар ол екінші жағынан аталған жүйенің енгізілуі қағаз бастылықтың қысқаруына септігін тигізіп, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Сот әділдігінің ашықтығын жүзеге асыру және сот жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында бүгінгі таңда соттарда «Сот кабинеті» және сот құжаттарымен танысу электронды сервистері іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.

Кейінгі жылдары сот процестерін қашықтықта өткізу тәсілінің де тигізіп отырған пайдасы көп екенін айтпай кетуге болмайды. Осы тәсілдің арқасында қатысушылардың түрлі себептермен келмей қалып, сот отырыстарын кейінге қалдырып, созбалаңға салу жағдайы күрт азайды. Екінші жағынан шалғайда тұратын азаматтардың сотқа келуі үшін жол жүріп, уақытын кетіріп, шығындалуын қысқартты. Міне, осындай, тың тәсілдердің арқасында сот төрелігін атқару ісін барынше жетілдіре түсуге мол мүмкіндік, қолайлы жағдай туғызылып отыр. Осындай игілікті шаралар халықтың сотқа деген сенімін нығайта түсуде.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ

VI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

VI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНДА 31 ТАМЫЗ БЕН 6 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА ӨТІП ЖАТЫР, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекте өтіп жатқан VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатын тамашалады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі. Ойындардың ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көкпардан әлем чемпионы, команда капитаны Тұрғанбек Құрманбек ұстап шықты.

Биыл жарыстар 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғыз Республикасының Ыстықкөл облысында өтеді.

Додада 100-ден астам елден 3 мыңға жуық спортшы бақ сынайды. Сайыстың 43 түрінен, соның ішінде қазақ халқының ұлттық спорт түрлерінен жүлделерді сарапқа салатын болады.

Қазақстанның атынан 150-ден астам спортшы сынға түседі. Отандастарымыз 43 спорт түрінің барлығында өнер көрсетеді.

ВОЛЕЙБОЛ

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСКЕ ҮЛЕС ҚОСТЫ

22-29 тамыз күндері аралығында, Астана қаласында волейболдан 2009 ж.т. және одан кіші жасөспірімдер арасындағы Жастар Лигасы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Тартысты жарыстың қорытындысы бойынша Жетісу облысының волейболшылары жеңімпаз атанды. Екінші жүлделі орынды Абай облысының ұжымы ие болды. Үшінші жүлделі орынды Павлодар облысының командасы еншіледі.





Сүйсінерлігі сол, Жетісу облысы құрамасының сапында біздің мектебіміздің оқушылары Ахмет Мейрамбек, Бейімбет Мейрамбек, Охан Рахмен және Асқар Ералы жасындай жарқылдап, команданың жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына көтерілуіне өлшеусіз үлес қосты. Айта кету керек, бұларды тәжірибелі жаттықтырушы Айдар Момынгелдинов волейболдың қырсырына баулып жүр.

Бұған қоса, 2010-2011 ж жасөспірім қыздар арасындағы Жастар Лигасы Қазақстан Республикасының чемпионатында да жетісулық арулардың мерейі үстем болды. Екінші орынға Жамбыл облысының командасы табан тіресе, үшінші орын Астана қаласының ұжымына бұйырды. Жеңімпаз атанған жерлестеріміздің сапында да біздің екі оқушымыз Асылы Абитай мен Зүбилә Әмиіннің (бапкерлері - Мөлдір Тілеуқалиқызы) өнер көрсетіп, жарқын жеңіске өзіндік үлестерін қосқанын мақтан тұтамыз.

Айман СЕРІККҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

ДЗЮДО

ОБЛЫС ДЗЮДОШЫЛАРЫ АРАЛАС КОМАНДАЛЫҚ СЫНДА - ЕЛ ЧЕМПИОНЫ!

29 тамыз – 1 қыркүйек аралығында Орал қаласындағы «Жайық» спорт кешенінде дзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бұл дүбірлі додаға Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен еліміздің 17 облысынан барлығы 600-ге жуық дзюдошы қатысты. Қазақстанның әр өңірінен жиналған үздік спортшылар ерлер мен әйелдер арасында 14 салмақ дәрежесінде сынға түсіп, ел чемпионатының жүлделері үшін өзара мықтыны анықтады.



Жекелей сында жетісулық татами шеберлері төрт медальды қоржынға салды. 70 келіге дейін салмақ дәрежесінде Мөлдір Нарынова қарсыластарын алып та жығып, шалып та жығып жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтеріліп, алтыннан алқа тақты. Сондай-ақ, 73 келіге дейін салмақта Дархан Қойбағар күміс жүлдегер атанса, 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Іңкәр Тулепбергенова және 78 келіден жоғары салмақта Камила Берлікаш қола медальға қол созды.

Ел чемпионатының шешуші күнінде аралас командалық жарыс ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша жетісулық дзюдошылар барлық қарсыластарынан басым түсіп, Қазақстан чемпионы деген құрметті атақты жеңіп алды. Жетісулық дзюдошыларды шын жүректен құттықтаймыз!

Айта кетсек, Қазақстан чемпионаты — ересектер арасындағы республикалық күнтізбедегі ең жоғары деңгейдегі жарыстардың бірі. Чемпионат қорытындысы 2027 жылы халықаралық ареналарда ел намысын қорғайтын Қазақстан ұлттық құрамасының сапын жасақтау барысында маңызды рөл атқарады.

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

13 ЖАСАР ТЕННИСШІ ЖӘНИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ



Жәния Бекмұхамбетова Словенияда үстел теннисінен алтын медаль жеңіп алды.

Қазақстандық Жәния Бекмұхамбетова үстел теннисінен Словенияның Оточец қаласында өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды, деп хабарлайды 24KZ Ұлттық Олимпиада комитетіне сілтеме жасап.

Қазақстан құрамасының өкілі 13 жасқа дейінгі спортшылар арасында сынға түсіп, алтын медаль жеңіп алды. Жарыс барысында Жәния словениялық Эма Калужаны, үндістандық Каавья Саринді, сингапурлық Линь Цзяцзюньді, хорватиялық Стелла Пресецкиді, Ника Грегурец пен Петра Липовшчакты 3:0 есебімен жеңді. Финалда қазақстандық спортшы Сингапур өкілі Хуан Кристалды 3:1 есебімен ұтып, турнирдің алтын жүлдесін иеленді.

СПОРТ ЖҰЛДЫЗЫ

ЛИОНЕЛЬ МЕССИ: "АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТТІМ"

Аты аңызға айналған футболшы Лионель Месси Аргентина құрамасындағы мансабын аяқтағанын мәлімдеді. Ол Instagram парақшасында қоштасу хатын жариялады, деп хабарлайды NUR.KZ.



Аты аңызға айналған футболшы Лионель Месси Аргентина құрамасындағы мансабын аяқтағанын мәлімдеді. Ол Instagram парақшасында қоштасу хатын жариялады. "Финалдан кейін көп ойландым. Баршаңызға ұлттық құрамадағы мансабымды аяқтайтынымды хабарлағым келеді…Бұл шешім маған ауыр тиді, әлі де қиын. Бірақ қазір ең қолайлы уақыт екенін түсінемін. Мен қашан да бар күшімді салдым. Тек соңғы, жеңіске жеткен жылдары ғана емес, оған дейін де барымды бердім. Әрқашан күрестім. Осы жейде үшін барлығын жасадым. Сіздерге қуаныш сыйлап, аргентиналық екеніңізге мақтануыңыз үшін футбол арқылы аянбай еңбек еттім", - деп жазды футболшы.

Ол "бұл тарау оған ауыр қайғы әкелетінін" мәлімдеді. "Мен ұлттық құраманың бөлігі болғанды жақсы көрдім және әрқашан жақсы көремін. Мен қолымнан келгеннің бәрін бердім. Енді берерім қалмады. Сонымен қатар артымнан сол жерде болуға лайықты тамаша жас ойыншылар келе жатыр. Осы 20 жыл ішінде маған көрсеткен махаббаттарыңыз бен қолдауларыңызға рақмет. Өздеріңізді қатты сағынатын боламын", - деп жазды Месси.

Ол сондай-ақ жақындарына алғысын білдірді. "Әрқашан қасымда болғаны үшін, осы тамаша әрі қиын сапарда мені қолдағаны үшін отбасыма рақмет. Осы тәжірибені бөлісу бақыты бұйырған әрбір бапкерге, командалас достарыма және менеджерге алғыс айтамын. Мен ұмытылмас естеліктер мен сәттерді өзіммен бірге ала кетемін", - деп жазды Лионель Месси.

Футболшы бұл шешімге сабырмен және мақтанышпен келгенін айта кетті. "Сіздерге және командаластарыма тіпті армандамаған сәттерді сыйладым. Мұның бәрін сіздермен бөлісу керемет болды. Барлықтарыңызды жақсы көремін! Аргентиналық болғаным үшін Құдайға рақмет. Алға, Аргентина! Мен бұл сөздерді финал өткен соң екі күннен кейін, 21 шілдеде жаздым. Әкеме қатысты жайттан соң мен бұған бұрынғыдан да сенімдімін", - деп қосты футболшы.

Сұлулық

КЕШ ҰЙЫҚТАУ ЗИЯН

Демалыс мезгілінде еркінсіп, түнімен ғаламтор ақтарып немесе кітап оқып көптеген адамдар кеш ұйықтайды. Бұл ұйқы режимінің бұзылуына алып келеді. Кеш ұйықтау арқылы сіз ағзаңызға күш салып, түрлі ауруларға шалдығу қаупін күшейтесіз. Сондықтан, кеш ұйықтаудың зиянды жақтарын біле жүріңіз.

1. Созылмалы шаршау

Адамда қалыпты ұйқы болмағандықтан уақыт өте келе ағзада ішкі стресс артады. Нәтижесінде, созылмалы шаршау және өзін-өзі қайта қалыпқа келтіре алмау туындайды.

2. Сұлулықтан айырылу

Ұйқы ол әдемілікті сақтау үшін ең тиімді және толықтай тегін тәсіл. Себебі, ұйқы кезінде тері жасушасында регенерация жүріп, ұлпалар қайта қалпына келеді.

3. Артық салмақ

Американдық ғалымдар уақытылы ұйықтаған әйелдер аурудан тез айығатынын дәлелдеген. Ағзадағы ұйқы жетіспеушілігі зат алмасуды нашарлатады. Ағзаға ұйқы жетіспегендіктен артық салмақ қосу процесі 2 есе жылдам жүреді.

4. Иммундық жүйенің әлсіреуі


Бәрі айқын және қарапайым: түнде ағза қалпына келіп, жаңартылады, ол иммундық жүйені нығайтуға көмектеседі. Түнде иммундық жүйенің белсендірілген жасушалары, күні бойы денеге кірген патогенді микроағзаларды жояды. Ұйқының тұрақты түрде болмауы, ағзаның тұмау және ЖРВИ-мен ауру қаупін 3 есе арттырады. Ересектерге дендері сау болуы үшін 7-8 сағат ұйықтауы қажет.



5. Қартаю

Түнгі ұйқы кезінде, тері жасушалары қалпына келеді, қан айналымы жақсарып, жасушаның оттегі, амин қышқылдарымен қанығуына мүмкіндік береді. Тері түсін, тегістігін табиғи жолмен жақсартады. Алайда, бұл процес 8 сағаттан кем емес ұйқы кезінде жүреді.

massaget.kz сайтынан алынды



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 831

Индекс 15534